



## ТЫҢ ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ АРНА

Қазақстан мен Кипр арасындағы ықпалдастық кеңеймек

2-БЕТ



## ШАҺАР ШЫРАЙЫ

3-БЕТ



## ТЕРЕҢҚҰР ТҮРЛЕНІП ТҰР

12-БЕТ

## ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР



# ТӘУЕЛСІЗДІК ТҰМАРЫ

Алматыда Мемлекеттік рәміздер күні кең көлемде аталып өтті

**4** маусым – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздер күніне орай Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев елордадағы «Атамекен» этномемориалды кешенінде өткен Мемлекеттік ту көтеру рәсіміне қатысты. Содан кейін еліміздің Әнұраны шырқалып, Көк Байрағымыз биікке көтерілді.

«Елтаңба – елдігіміздің айшықты белгісі. Әнұран – азаттығымыздың айбынды үні. Көк Туымыз – Тәуелсіздік тұмары. Төбемізге көтеріп, қадір тұтатын осы үш рәмізді мемлекеттігіміздің мызғымас ұштағаны десек, артық болмайды», – деді Президент.

Мерекелік іс-шара Алматы қаласында да кең көлемде ұйымдастырылды. Таңмен таласа «Медеу» жоғары таулы спорт кешенінде Мемлекеттік Ту

көкке көтеріліп, Әнұран шырқалды. Салтанатты жиынға Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды, қоғам қайраткерлері, жастар, қала тұрғындары және мемлекеттік органдардың өкілдері қатысты. Іс-шараның басты мақсаты – мемлекеттік рәміздерді дәріптеу, жастардың патриоттық рухын нығайту және азаматтардың елдік нышандарға деген құрметін арттыру.

Ғалым-математик, Қазақстанның

Еңбек Ері Асқар Жұмаділдаев мемлекеттік рәміздердің ел тәуелсіздігін айшықтайтын басты құндылықтардың бірі екенін атап өтті.

– Еліміз тәуелсіздігін жариялаған кезде ұлттық рәміздерді қабылдауға қатысқан адаммын. Ту, Елтаңба, Әнұран – мемлекеттің басты құндылықтары. Әр қазақтың деніне саулық, отбасына бақ-береке тілеймін. Мерекеден мерекеге жете берейік, – деді ол.

Айтулы датаға арналған мерекелік іс-шаралар қала тұрғындарына ел тарихын, тәуелсіздіктің қадірін және ұлттық құндылықтардың маңызын тағы бір мәрте еске салды.

БІЗДІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕН ОҚЫҢЫЗ:



САЯСАТ

# ТЫҢ ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ АРНА

## Қазақстан мен Кипр арасындағы ықпалдастық кеңеймек

**3**маусымда Кипр Республикасының Президенті Никос Христодулидис Қазақстанға алғаш рет ресми сапармен келді. Ол сапар аясында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевпен шағын және кеңейтілген құрамда келіссөздер жүргізді. Тараптар сауда, инвестиция, көлік-логистика, цифрлық коммуникация, жасанды интеллект және қаржы салаларындағы ықпалдастықты нығайту перспективасын талқылады. Сонымен қатар, мәдениет, білім, спорт және туризм бағыттарындағы байланысты кеңейту мүмкіндігіне назар аударылды.

### Жерорта теңізінің маңызды нүктесі

Кипр Республикасы – аумағы мен халқы жағынан шағын мемлекет болғанымен, оның халықаралық саясаттағы, экономикадағы және қауіпсіздік саласындағы маңызы едәуір жоғары. Бұл, ең алдымен, оның географиялық орналасуына, Еуропалық Одаққа мүшелігіне және қаржылық қызметтер секторына байланысты.

Геосаяси маңызына келер болсақ, Кипр 2004 жылдан бері Еуропалық Одақтың толыққанды мүшесі. Осы мүшелік арқылы Кипр ЕО-ның Шығыс Жерорта теңізіндегі ең маңызды тірек мемлекеттерінің біріне айналды. Сондай-ақ, Кипр ЕО-ның Таяу Шығыс, Солтүстік Африка және Түркиямен қарым-қатынасындағы маңызды қатысушысы болып саналады. Қала берді, Еуропаның энергетикалық қауіпсіздігіне қатысты шешімдерге ықпал етеді.

Экономикалық тұрғыдан да Кипр Еуропадағы маңызды мемлекет болып сана-



лады. Әсіресе, қаржы саласында жетістіктері көп. Ұзақ уақыт бойы халықаралық қаржы қызметтерінің орталығы ретінде танылған. Қаржы орталығы ретінде қолайлы салық жүйесімен, халықаралық компанияларды тіркеуге жеңіл орта қалыптастыруымен және ағылшын құқықтық жүйесін енгізу тәжірибесімен ерекшеленеді. Тіпті, Кипрде тіркелген қазақстандық компаниялар да бар.

Кипр әлемдегі ең ірі кеме тіркеу орталықтарының бірі ретінде еуропалық логистика хабы болып танылған. Порт арқылы халықаралық сауда жүзеге асырылып, Еуропа мен Таяу Шығыс арасындағы теңіз тасымалдары қамтамасыз етіледі.

Осылайша Кипрдің қаржы және логистика саласындағы жетістіктері Қазақстан үшін мол мүмкіндік ашады. Әсіресе, сауда, инвестиция тарту, көлік-логистика және цифрландыру салаларындағы әріптестікті нығайтуға болады. Бұл тұрғыда Кипр Президенті Никос Христодулидистің елімізге жасаған алғашқы сапары екі тарапқа да маңызды.

### Аймақтағы маңызды серіктес

Кипр Республикасының Президенті Никос Христодулидис Қазақстанға жасаған алғашқы сапары екіжақты қарым-қатынастың дамуына серпін берді. Астанада Кипрдің елшілігінің ашылуы, алғашқы әуе қатынасы осы сапармен түспа-түс келді. 3 маусымда Астанада Кипр Республикасы Елшілігінің салтанатты ашылу рәсімі өтті. Бұл қадам Қазақстанның өңірдегі Кипрдің маңызды серіктесі ретіндегі рөлінің артып келе жатқанын көрсетеді әрі сауда-экономикалық және инвестициялық ынтымақтастықты кеңейту үшін қосымша мүмкіндіктер ашады.

Осылайша Қазақстан Кипрмен қарым-қатынасты нығайтып жатқан Орталық Азиядағы алғашқы ел атанды. Бұл еліміздің Кипрдің аймақтағы маңызды серіктесі екенін айғақтайды.

Енді екіжақты келіссөздер барысы

мен қорытындысына тоқталайық. Келіссөздер барысында мемлекеттер басшылары бірнеше маңызды мәлімдемелер жасады. Шағын құрамдағы кездесуде Қасым-Жомарт Тоқаев екіжақты ынтымақтастықты көптеген салада дамытуға дайын екенін айтса, Никос Христодулидис Еуропа Одағы мен Қазақстан арасындағы ықпалдастықты одан әрі ілгерілету жолдарын талқылауға әзір екенін айтқан. Биыл Кипр Еуропа Одағы Кеңесіне төрағалық етуде. Сондықтан Кипрмен қарым-қатынас Еуропа Одағымен байланысты нығайтуға септігін тигізері сөзсіз.

Бұдан бөлек, Мемлекет басшысы екі елдің ортақ мақсаты саяси ерік-жігерімізді нақты экономикалық нәтижеге айналдыру екенін атап өтті. Әсіресе, цифрландыру мен жасанды интеллект, логистика, қаржы, туризм және білім беру салаларындағы кооперацияны кеңейтуге баса мән беру қажет екенін айтты. Осы орайда Қасым-Жомарт Тоқаев Экономикалық ынтымақтастықтың 2028 жылға дейінгі жол картасын әзірлеуді ұсынды. Сондай-ақ, Президент Экономикалық ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық комиссия мен Іскерлік кеңес құру, сондай-ақ сауда делегацияларымен тұрақты алмасу жөнінде бастама көтерді.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Никос Христодулидис жүргізген келіссөздер қорытындысы бойынша мемлекеттер басшыларының қатысуымен ресми делегациялар мүшелері ведомствоаралық құжаттармен алмасты. Меморандумдар мен келісімдер екі ел арасындағы ақпараттық технология, мәдениет, ғылым мен білім беру, спорт және іскерлік байланыстарды нығайтуды көздейді.

**Пердехан ШӘМШИЕВ,**  
сарапшы.  
(Дереккөз: Akorda.kz).

ЦИФРЛЫ АЛМАТЫ

# БОЛАШАҚТЫҢ МУЗЕЙІ

## Орта Азиядағы бірегей орталық ашылады

**Қазір балалар қолына ұстаған әр заттың, ойыншықтың қалай жұмыс істейтінін білуге тырысады. Әуедегі ұшақтың жерден қалай көтерілетінін, алып кеме неге су түбіне батып кетпейтінін, роботтың қалай қозғалатынын түсінгісі келеді. Әр баланың бойындағы осы табиғи туа біткен түйсікті жоғалтпай, ғылымға айналдыру керек.**

Міне, осы мақсатта Алматыда үлкен жоба жүзеге асып жатыр. Ол ғылымды кітаптан оқып қана қоймай, өз қолымен тәжірибе жасап, зерттеп, жаңалық ашуына мүмкіндік беретін – Almaty Children's Science Museum. Жақында Орталық Азиядағы алғашқы әлемдік деңгейдегі балалар ғылым музейінің тұжырымдамасы жұртшылыққа таныстырылды.

Almaty Children's Science Museum Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасымен жүзеге асырылуда. Музей 1,5 жастан бастап балаларға арналған ерекше білім беру алаңына айналмақ. Жоба халықаралық деңгейдегі серіктестермен бірлесіп жүзеге асырылып жатыр. Атап айтқанда, музейді құру жұмыстарына Сингапурдың ғылыми-ағартушылық білім беру саласындағы жетекші ұйымдарының бірі – Science Centre Singapore және әлемге танымал Kingsmen Exhibits компаниясы қатысуда. Science Centre Singapore әзірлеген балаларға арналған әйгілі KidsSTOP бағдарламасы өз тарихында алғаш рет Сингапурдан тыс жерде іске қосылмақ.

Бұл жобаның Қазақстанда жүзеге асуы еліміздің балаларға арналған сапалы ғылыми білім беруді дамытуға бағытталған жаһандық бастамалардың маңызды қа-

тысушысына айналып келе жатқанын көрсетеді. Жобаның жетекшісі Майра Тұрғанованың айтуынша, әрбір бала табиғатынан зерттеуші болып дүниеге келеді. Музейдің басты міндеті – сол қызығушылықты жоғалтпай, оны дамытуға жағдай жасау. Биыл цифрландыру және ғылым жылы болғандықтан, бұл бірегей ғылыми орталық өз есігін міндетті түрде осы жылдың ішінде айқара ашады.

Жобаның жалпы аумағы 9500 шаршы метрді құрайды. Сонымен қатар, 22 100 шаршы метр ашық кеңістік қарастырылған. Мұнда 200-ден астам интерактивті экспозиция мен 130 білім беру бағдарламасы жұмыс істейді. Музейдің білім беру бағдарламалары қазірдің өзінде Алматы қаласының мектептері мен балабақшаларында сынақтан өткізілген.

Ресми ашылуына дейін-ақ ACSM халықаралық деңгейде мойындалып үлгерді. Мамандардың пікірінше, Almaty Children's Science Museum балалардың ғылымға деген қызығушылығын арттырып, шығармашылық және инженерлік ойлау қабілетін дамытатын білім беру платформасына айналады. Жоба Алматының Орталық Азиядағы ғылым, инновация және балалар білімінің жетекші орталығы ретіндегі мәртебесін одан әрі нығайтуға



мүмкіндік береді. Орталық биыл күзде Қала күніне орай ашылады деп жоспарланып отыр.

Орталықтың Science Hub оқытушысы Гүлдана Абайқызының айтуынша бұл елімізде ғана емес, Орталық Азиядағы бірегей жоба.

«Жасанды интеллект дәуіріне бейімделу біздің Алматы балалар ғылым музейі үшін де өте өзекті. Себебі, біздің орталық – балалардың ғылымды «hands-

on» әдісі арқылы, яғни жәдігерлерді қолмен ұстап көріп, ғылыммен біте қайнаса зерттеуіне мүмкіндік береді. Музейіміз қазірдің өзінде халықаралық деңгейде танылып үлгерді. Тынық мұхиты аймағындағы музейлер бірлестігі мен Еуропадағы осындай ірі халықаралық музейлер қауымдастығының құрамына ендік. Қазақстандық жас зерттеушілердің әлеуетін тек ел ішінде емес, әлемдік деңгейде көрсету және олардың ғылымға деген қызығушылығын арттыруды мақсат тұтамыз», – дейді Гүлдана Абайқызы.

**Гүлжанат СЕМБАЕВА.**  
Коллаж: Нұрбосын ӨРІСҰЛЫ.



## «ҚАСБЕТТЕН ҚАСБЕТКЕ ДЕЙІН»

**Алматы бұрынғыдан да құлпы-Арып, жаңа кейіпке еніп жатыр. Көше бойындағы үйлер мен ғимараттардың қасбеттері заманауи үлгіде әрленіп, қала келбеті көзтартарлықтай өзгеріп келеді.**

Атқарылып жатқан жұмыстардың артында алдымен ең қажетті инфрақұрылымды ретке келтіріп, ажарлы Алматыны сәні мен салтанаты келіскен жайлы мекенге айналдыру мақсаты тұр. Осы орайда, қалалық ортаны дамытудың басты бағыты ретінде «Қасбеттен қасбетке дейін» кешенді абаттандыру қағидаты белсенді жүріп жатыр.

2026 жылы Алматының негізгі даңғылдары мен көшелерін, атап айтқанда, Жароков, Сәтбаев, Сейфуллин және басқа да бірқатар көшелерді осы «Қасбеттен қасбетке дейін» қағидаты бойынша толықтай трансформациялау жұмыстары басталды. Бұған қоса, Тұңғыш Президент паркін реконструкциялау жобасы да қолға алынды.

Бірыңғай дизайн-код және орталықтандырылған басқару жаңа тәсілдің аясында қала бойынша абаттандырудың бірыңғай стандарттары мен дизайн-код талаптары енгізіліп жатыр. Алматы көшелеріндегі үйлер мен ғимараттардың сыртқы келбетін бір жүйеге келтіріп, эстетикалық тұрғыдан үйлесімді әрі әдемі етіп өзгертуге мүмкіндік береді.

«Қасбеттен қасбетке дейін» қағидаты бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар Ал-



малы, Медеу және Бостандық аудандарын қамтып, тұрғын үйлердің қасбеттерін, кіреберіс топтарын, жарнамалық құрылымдар мен сәулеттік элементтерді жаңартуды көздейді.

Алматы тұрғыны Гүлназ Мақсатқызы үйінің сырты жаңарып, қабырғасы жылытылғанына дән риза:

– Бұрын қыс түссе шатыр жиектеріне мұз сүңгілері қатып, үрейімізді ұшыратын. Біздің маңайда студенттер өте көп жүретіндіктен, олардың қауіпсіздігіне қатты алаңдайтынбыз. Қазір үйіміз танымастай өзгеріп, көзтартарлықтай

әдемі болды. Осындай игі іс үшін әкімдікке көп рахмет! – дейді тұрғын.

Қаланың орталық бөлігінде жалпы саны шамамен, 180 тұрғын үйді ретке келтіру жоспарланған. Қайта жаңғырту барысында климаттық жағдайларға төзімді, отандық өндірістен шыққан табиғи материалдар қолданылуда.

«Алматыгенплан» ғылыми-зерттеу институтының басшысы Асхат Садуовтың айтуынша, мұндай көлемдегі қалалық ортаны жаңғырту жұмыстары Алматыда алғаш рет қолға алынып отыр.

– Мұндай ауқымды жұмыстар алғаш

рет жүргізілуде және ол Алматының бүкіл орталық бөлігін қамтиды. Қаланың эстетикалық ортасын сапалы қалыптастыру үшін барлық нысандар біріздендірілуде. Абаттандырумен қатар қасбеттер жаңартылып, жарнамалық маңдайшалар, кіреберіс топтары мен алғашқы қабаттар ретке келтіріліп жатыр. Бұл орталық Алматының сәулеттік стилін қаланың басқа бөліктеріне де таратуға мүмкіндік береді, – деді Асхат Садуов.

Бағдарлама аясында Бостандық ауданында биыл 67 көпқабатты тұрғын үйдің қасбетін жөндеу жоспарланған. Жаңғырту жұмыстары Бұқар жырау, Бәйсейітова, Масаншы, Мүсірепов көшелері мен Абай және Әл-Фараби даңғылдарының бойындағы ғимараттарды қамтиды.

Бостандық ауданының әкімі Азамат Қалдыбековтың мәліметінше, қазіргі уақытта 24 нысанда жұмыстар жүргізілуде.

«Мердігер ұйымдар қасбеттерді таза-апатты элементтерді бөлшектеу, сылақ қабатын қалпына келтіру, кіреберіс топтарын жөндеу және заманауи қасбеттік жүйелерді орнату жұмыстарын атқаруда. Нысандардың бір бөлігі қалалық бағдарлама аясында жаңартылса, кейбір үйлер жеке инвестициялар есебінен жөнделуде», – деді аудан әкімі.

Гүлжанат СЕМБАЕВА.

## ҚҰНДЫ МҰРА ҚҰНТТАЛДЫ

**Алматыда 2-3 маусым күндері «Қазақстанның Ақолжазба мұрасы: сақтау, зерттеу және цифрлық гуманитаристика» атты халықаралық конференция өтті. Ғылыми жиын көне қолжазбаларды сақтау, зерттеу, цифрландыру және оларды ғылыми айналымға енгізу мәселелеріне арналды.**

Конференцияда тарих ғылымдарының докторы, профессор, ислам тарихы, өнері және мәдениетін зерттеу орталығының өкілі Әшірбек Муминов мұсылман қолжазбаларын зерттеудегі Қазақстан тәжірибесін талдады. Оның айтуынша, елімізде жазуы бар 400 мыңға жуық құлпытас сақталған. Құлпытастардағы жазулар арқылы әр кезеңдегі қоғамдық қатынастар мен тарихи тұлғалар туралы маңызды мәлімет алуға болады.



Еуразия ғылыми-зерттеу институтының ғылыми қызметкері Қайполла Қайраттың сөзінше, жиын барысында шетелдік мамандар қолжазба мұрасын сақтау, жүйелеу және цифрландыру бағытындағы тәжірибелерімен бөлісті.

«Қазақстанда қолжазба мұрасы өте бай. Ендігі міндет – осы мұраны заманауи технологиялар арқылы цифрлық нұсқаға көшіру, реттеп каталогтау және зерттеушілерге қолжетімді ету», – деді ол.

Ғалым Өзбекстан мен Түркиядағы тәжірибені мысалға келтірді. Оның айтуынша, бұл елдерде қолжазбаларды сақтау, каталогтау және цифрландыру жұмыстары жүйелі жолға қойылған. Қазақстанда да бұл бағыттағы жұмыс жанданып келеді.

Конференцияның тағы бір маңызды бағыты цифрлық гуманитаристика мен жасанды интеллект технологияларына арналды. Гарвард университетінің зерттеушілері шағатай тіліндегі қолжазбаларды цифрландыру мәселесін көтерсе, Оксфорд университетінің өкілдері тарихи архивтерді қалпына келтірудегі цифрлық технологиялардың мүмкіндіктерін таныстырды. Түркия қолжазбалар басқармасының мамандары көне кітаптарды сақтау мен реставрациялау тәжірибесімен бөлісті.

Astana IT University мамандары шағатай тіліндегі мәтіндерді тануға арналған жасанды интеллект пен тілдік модельдерді әзірлеу бағытындағы жұмыстарын ұсынды. Сарапшылардың пікірінше, мұндай технологиялар тарихи қолжазбалар мен архив құжаттарын зерттеуді жаңа деңгейге көтереді.

Халықаралық конференцияға Қазақстан, Түркия, АҚШ, Ұлыбритания, Өзбекстан, Ресей, Куба және Әзербайжаннан 50-ден астам ғалым мен сарапшы қатысты.



Басқосуда ортағасырлық мұсылман еңбектерін ғылыми айналымға енгізу, қазақ даласына қатысты араб, парсы және түркі деректерін зерттеу, қолжазбаларды сақтау және сирек мұраларды халықаралық ғылыми кеңістікке таныту мәселелері талқыланды.

Айта кетейік, конференция аясында 4–10 маусым аралығында «Қолжазбатану және цифрлық гуманитаристика» халықаралық жазғы мектебі ұйымдастырылады. Онда шағатай тілін оқыту, түркі және ислам қолжазбаларын сақтау, реставрациялау, сирек кітаптарды халықаралық стандарттарға сай каталогтау бағыттары қамтылды.

Дастан ҚАСТАЙ.

АҚЖОЛТАЙ АҚПАРАТ

# ЖЕТІ ЖАҢА БАЛАБАҚША АШЫЛДЫ

**«Баспадан кейін балабақша мәселесі» дейтін алматылықтардың басты уайымы біртіндеп шешімін тауып келеді. Жақында ғана Халықаралық балаларды қорғау күніне орай жеті жаңа балабақша пайдалануға берілді. Ақжолтай ақпаратты алматылықтар айрықша қуанышпен қабылдады.**

бөбекжай-балабақша пайдалануға берілді. Түркістан ауданындағы «Қайрат» шағынауданында да 260 орынды, 11 топтан тұратын бөбекжай-балабақша ашылды. Әуезов ауданындағы 10-шағынауданда 160 балаға арналған, 8 топтан тұратын бөбекжай-балабақша салынды. Осы ауданның «Алтын бесік» шағынауданында 120 орынды, 6 топтан тұратын бөбекжай-балабақша бой көтерді. Нысандар қажетті ұйымдастыру және рұқсат беру рәсімдері аяқталғаннан кейін кезең-кезеңімен пайдалануға беріледі.

Әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту – Алматы әкімдігі жұмысының басым бағыттарының бірі. Қала әкімі Дархан Сатыбалды тапсырмасымен мектепке дейінгі білім беру саласындағы жобаларды жүзеге асыру ерекше бақылауда. Қала басшысы әлеуметтік нысандар құрылысының барысын үнемі тексеріп, мерзімнің сақталуы мен жұмыстардың сапасын жіті қадағалап отыр. Бұл – балаларға арналған ең үлкен сыйлық.

Рая ЕСКЕНДІР.



Жаңа мекемелердің барлығы инфрақұрылымға сұраныс жоғары аудандарда орналасқан. Мектепке дейінгі білім беру жүйесінде қосымша 1560 орын ашылса, бұл тек жаңа ғимараттардың бой көтеруі ғана емес, мыңдаған ата-ананың алаңын азайтып, балалардың сапалы білім мен тәрбиеге қолжетімділігін арттыруға бағытталған маңызды қадам.

Рас, Алматы халық саны ең жылдам өсіп жатқан мегаполиске айналды. Қалаға көшіп келушілер санының артуы мектеп пен балабақша орындарына деген сұранысты бірнеше есеге ұлғайтты. Әсіресе, Наурызбай, Алатау және Түркістан аудандарында мектепке дейінгі ұйымдарға қажеттілік жоғары. Осы мәселені шешу мақсатында қалада жаңа әлеуметтік инфрақұрылым нысандары кезең-кезеңімен іске қосылуда. Аталған

жеті балабақша дәл осындай сұраныс жоғары аудандарда орналасқан.

Ең ірі нысандардың бірі Наурызбай ауданындағы «Құрамыс» шағынауданында салынды. 320 орынды заманауи балабақшада 13 топ жұмыс істейді. Мұнда кіші жастағы балалардан бастап мектепалды даярлық топтарына дейінгі тәрбиеленушілер қабылданады. Ғимаратта музыка және гимнастика залдары, шығармашылық үйірмелерге арналған кабинеттер, заманауи ойын және демалыс аймақтары қарастырылған.

Сондай-ақ, «Қалқаман-2» шағынауданында 240 орынды жаңа балабақша пайдалануға беріледі. Ал «Шұғыла» шағынауданында тағы 320 орынды мектепке дейінгі ұйым балаларға есігін ашады.

Сонымен қатар, Медеу ауданында 140 орынды және 8 топтан тұратын

«АҚШАМ» АРҚЫЛЫ АЙТАМЫЗ

## «ALATAU PLUS»

тұрғындары басқарушы компаниядан түсініктеме сұрайды

**Алматыдағы жаңа тұрғын үй кешендерінің бірінде тұрғындар мен басқарушы компания арасында дау туындады. Қаладағы «Alatau Plus» тұрғын үй кешенінің меншік иелері алғашқы түбіртекте көріп, жағаларын ұстаған. Олар «Тұрғын үйді күтіп-ұстау шығындары» (РСЖ) тарифінің жоғары екеніне наразылық білдіріп, редакциямыздан көмек сұрады.**

Айтуларынша, кешен жақында ғана пайдалануға берілгеніне қарамастан, мамыр айына келген алғашқы түбіртекте 1 шаршы метр үшін 86,5 теңге көлемінде төлем көрсетілген. Бұл көршілес тұрғын үй кешендеріндегі 30–50 теңге аралығындағы тарифпен салыстырғанда әлдеқайда жоғары.

Яғни «Alatau Plus» кешеніндегі тариф 30 теңгелік тарифпен салыстырғанда – 56,5 теңге, 40 теңгелік орташа тарифпен салыстырғанда – 46,5 теңге, 50 теңгелік тарифпен салыстырғанда – 36,5 теңге жоғары болып отыр. Тұрғындардың пікірінше, «Alatau Plus» эконом-класс санатындағы тұрғын үй болғанымен, енгізілген тариф мөлшері негізсіз қымбат көрінеді. Әсіресе, бұл төлемнің қандай негізде бекітілгені, қандай шығындар кіретіні және оның заңдылығы жөнінде тұрғындарға ресми түсіндірме берілмеген.

«Біз тарифтің не себепті осындай көлемде бекітілгенін түсінгіміз келеді. Тұрғындармен ресми жиналыс өткен жоқ, ешқандай дауыс беру ұйымдастырылмады. Ал ҚР «Тұрғын үй қатынастары туралы» заңы бойынша, мұндай тарифтер меншік иелерінің жалпы жиналысында бекітіліп, тиіс хаттамамен рәсімделуі тиіс. Сондықтан біз басқарушы компанияның тарифті өз бетінше енгізгеніне күмән келтіреміз», – дейді тұрғындардың бірі.

Айтуларынша, чаттарда наразылық күшейгеннен кейін басқарушы компания тарапынан шығындар көрсетілген қарапайым кесте ғана жіберілген. Алайда, тұрғындар ресми мөрі мен жауапты тұлғаның қолы қойылған толық құжаттарды талап етеді. Осыған байланысты қазір тұрғындар ұжымдық талап-арыз әзірлеп, қол жинауды бастап кеткен. Құжатта олар басқарушы компаниядан тарифтің заңдылығы мен экономикалық негіздемесін дәлелдейтін ресми құжаттарды ұсынғанын қалайды. Атап айтқанда, «Тұрғын үйді күтіп-ұстау шығындары» тарифінің толық есебі, әр шығын түрінің жеке-жеке көрсетілген тарқатпасы, ортақ мүлікті күтіп-ұстауға арналған шығындар сметасы, тариф бекітілген жалпы жиналыстың хаттамасы, жиналыстың өткен күні, қатысқан меншік иелерінің саны және дауыс беру нәтижелері, тарифті бекіту заңдылығын растайтын құжаттар талап етілген. Соны-



мен қатар, тұрғындар құжатта қажетті ақпарат толық ұсынылмаған жағдайда тұрғын үй инспекциясына, уәкілетті мемлекеттік органдарға және сотқа жүгіну құқығын өздерінде қалдыратынын да көрсеткен.

Жұрттың басты мақсаты – мәселені ушықтырмай, алдымен ресми жауап алу.

– Біз қазір бірден жанжал шығарғалы отырған жоқпыз. Алдымен басқарушы компанияның ресми жауабын күтеміз. Егер жауап тұрғындарды қанағаттандырмаса немесе құжаттар толық ұсынылмаса, ары қарай заң аясында әрекет етеміз, – дейді бастамашыл топ өкілдері.

Мәселенің мән-жайын анықтау үшін «Alma City» басқарушы компаниясының жауапты тұлғаларымен де байланысқа шықтық. Басқарушы компания өкілдері тарифтің заң аясында қалыптасқанын айтып, тұрғындардың шағымына байланысты арнайы жиналыс өткізгендерін жеткізді.

Дегенмен, тұрғындар айғай-шуға ұласқан басқосудан ресми жауап пен қажетті құжаттарды жеткілікті деңгейде ала алмаған. Ал бұл жағдай жаңа тұрғын үй кешендеріндегі тариф бекіту, басқарушы компаниялардың ашықтығы және меншік иелерімен келісу мәселесін тағы да күн тәртібіне шығарды.

Дана САДЫРҚАН.  
(Сурет: Kn.kz).

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

Алмалы ауданы әкімінің тұрғындармен кездесуі өтеді

Құрметті аудан тұрғындары!

2026 жылы 9 маусымда, сағат 9.00-ден 11.00-ге дейін Алматы қаласы, Түркебаев көшесі, 4 мекенжайындағы «Ш.Смаханұлы атындағы №62 гимназиясы» КММ-де Алмалы ауданының әкімі А.Н.Шамшиннің халықпен кездесуі өткізіледі.

Жиынға қалалық Мәслихат депутаттары, прокуратура, полиция қызметкерлері және аудандық басқарма өкілдері қатысады.

Тұрғындардың өзекті толғандырған мәселелері бойынша ұсыныстарын жинау әлеуметтік желілер Instagram – akimat\_almaly, Facebook – akimatalmaly, Telegram – almalyaudany, Алмалы ауданы әкімі аппаратының WEB сайты арқылы және 313-31-08, 313-31-12 телефондары арқылы жүргізіледі.



**Әсілі, Жер бетінде жақсылық, ізгілік қашанда зұлымдықтан басым. Олай болмаса, мына дүниенің тепе-теңдігі бұзылып, адамзат баласы әлдеқашан құрдымға кеткен болар еді. Ә.Кекілбай «Жақсы болудың жақсылық жасаудан басқа жолы жоқ» дейді... Рас сөз. Барлық замандарда жақсылықты жасаушылар сол дәуірдің қай-таланбас қаһармандары, жалған дүниедегі ізгі тірлікті жалғастырушылар. Сондай жақсы адамдардың бүгінгі таңда да арамызда жүргенін біз көбіне-көп жадымыздан шығарып алып жатамыз.**



# АҒА ТУРАЛЫ ТОЛҒАНЫС

Осындай жасампаз жандардың атын атап, түсін түстеу, жасаған еңбектерін мезгілінде айтып отыру олардың өзінен гөрі артындағы қалың елге, жақындарына, шәкірттері мен өсіп келе жатқан ұрпаққа керек. Қоғам тарапынан болатын мұндай рухани сергектік жастарға «болмасаң да ұқсап бақ» дегенді еске салып, жасампаздыққа үндемей ме.

«Ернеуден ағып жатқан суды жұрт шатырдан ағып жатыр деп ойлайды. Ал шын мәнінде ол көктен жауып тұр ғой» дейді Шығыстың көне киелі жазбаларында. Жекелеген тұлғалар бойынан көрінетін өнер мен мінез, даналық пен тағылым сол жандарды туғызған, өсірген, тәрбиелеген, оқытқан ортаның, халықтың, ата-ананың қасиетін сездіріп, әлеуетін білдіретін бірден-бір көрсеткіш. «Ел болса ер туғызбай тұра алмайды, ер туып жоқ елді бар қыла алмайды» деген аталарымыз. Біз де биылғы жылы 70 жасқа толып, ғылымда үлкен олжа салған Көбейсін ағамызды мерейлі жасымен құттықтап, елдің есіне салуды жән санап отырмыз. «Жақсы сөз – жарым ырыс», бір-бірімізге келгенде жайшылықта онсыз да жылы сөзге тым сараңбыз. Ендеше, ең болмаса осындай мерейтойды пайдаланып, жүрекжарды пікірімізді ортаға салып отырайық дегіміз келеді.

1956 жылы Қызылорда облысының Шиелі ауданында дүниеге келген көрнекті ғалым, педагог және денсаулық сақтау ісін ұйымдастырушы, медицина ғылымдарының докторы, профессор, С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің Ортопедия-стоматология кафедрасының меңгерушісі К.Д.Алтынбеков 70 жылдық мерейтойын атап өтуде.

## ӘКЕНІҢ КЕШКЕН КЕШУІ

Осындай биік белестерді бағындырып отырған Көбекеңнің дүниеге келуінің өзі де фольклордағы «ғажайып туу мотивіне» бергісіз бір тағылымды тарих. Ең алдымен, ол әйгілі Бұдабай Қабылұлы, Иманжүсіп Құтпанұлы, Мұстафа Шоқай, Әуелбек Қоңыратбаевтар сынды саңлақтар шыққан текті әулеттен тарайды. Әкесі Дүйсенбай 1930 жылдары Қызылорда Педагогикалық техникумында атақты ақын Сырбай Мәуленовпен бірге оқиды. Екеуі Аманкелді Имановтың қарындасының үйінде бірге тұрыпты. Техникумда жүргенде-ақ неміс тілін жетік меңгереді.

Мұғалімдік қызметте жүрген жерінен Дүйсенбай Алтынбеков жиырмаға жетпей 1941 жылы әскерге аттанады. Самарқанда алты айлық курстан өткен соң, 1942 жылы қан майданның алдыңғы шебінен

бір-ақ шығады. Сол жылдың сәуірінде Харьков түбіндегі қиян-кескі ұрыста қоршауда қалған тұтастай дивизия құрамында тұтқынға түседі. 1943 жылға дейін бір жыл бойы Польша, Германия, Франция, Югославия жерлерінде қара жұмыста болады. Югославияда өздерін бақылауда ұстаған бір взвод неміс-фашистерінің көзін жойып, югослав партизандарына қосылыпты. Ал 1944 жылы қайтадан Қызыл Армия қатарына өтіп, жеңісті Венгрия жерінде қарсы алады. 1945 жылдың желтоқсанында жеңіспен елге оралған Дүйсенбай Алтынбеков 1946 жылы Мереке атты жарына үйленеді. Дүйсекеңнің қилы тағдыр-талайы мұнымен бітпейді.

1949 жылға дейін Сырдың түстігіндегі Таштоп деген елдімекенде мұғалімдік қызметте жүрген жерінен оны тұтқынға алады. Сондағысы, бір жыл немістердің тұтқынында болып, «Отанды сатқандығы» еді. 58-баптың 10-тармағына сәйкес алдымен өлім жазасына кесіліп, артынан 25 жылға ауыстырылған сотталушы Сібірдегі Байкал-Амур теміржолының, кейін Лена өзені бойындағы жаңа порттардың құрылыстарына жегіледі. Одан этаппен айдалып отырып Архангельскіден бір-ақ шығады. 1953 жылы И.Сталин қазасынан кейін ғана «вольное поселение» аталатын «еркіндікке» қол жеткізеді, әйтсе де, «поселенецке» елге қайтуға рұқсат етілмейтін.

1954 жылы теміржолда жұмыс істейтін Сейдахмет атты жездесінің көмегімен әйелі Мереке мен 6 жасар қызы Құралай 4 мың шақырымға жуық жол жүріп, Дүйсекеңді іздеп келеді. Бұл бір кездері күйеулерін іздеп Сібір асатын декабрист жарларының ерлігіндей қазақ қоғамында бұрын болмаған тым тосын да батыл қадам еді. Қиыр Солтүстіктің Архангельск аймағындағы Тайшет атты елдімекенде Дүйсекең осылайша отбасымен табысып, сонда бір жарым жыл тұрады. Жоғарыға өзінің кінәсіз екені туралы үздіксіз арыздана жүріп, ақырында 1955 жылдың күзінде толық ақталып, елге оралады. Арада жарты жылдай уақыт өткенде Көбейсін Дүйсенбайұлы дүниеге келеді. Көбекеңнің әзіл-шыны араластырып: «Менің туған жерім – Архангельск!» деуінің сыры осында. Көне гимнде «тағдырдың тезінен, тозақтың өзінен аман сау қалыппыз» деген жолдар болушы еді, осындай қиямет-қайыпқа өмірге келген перзентіне ата-анасы «Көбейсін» дегеннен басқа қандай ат қоюы мүмкін!?

## ЕЛ МЕДИЦИНАСЫНА ЕТКЕН ЕҢБЕК

Сөйткен Көбейсін Дүйсенбайұлы 1973 жылы №150 «Ортақшыл»

қазақ орта мектебін жақсы бітіріп, Алматы мемлекеттік медицина институтына түседі. 1979 жылы ол кездері өте сирек «Стоматология» мамандығы бойынша тәмамдап, еңбек жолын Жезқазған облыстық стоматология емханасында бастайды. Содан бергі оның өмірі жанкешті еңбек пен үздіксіз ізденістен тұрады.

Жарты ғасырдан асатын еңбек өтілінің қырық жеті жылы денсаулық сақтау саласына арналып келеді. Осы жылдар ішінде ол жас маманнан ғылыми-педагогикалық қауымдастықтың белгілі көшбасшысына айналды, еліміздегі ортопедиялық стоматологияның дамуына зор үлес қосып келеді. К.Д.Алтынбеков 200-ден астам ғылыми еңбектің авторы. Олардың қатарында монография, мемлекеттік тілдегі оқулықтар мен оқу құралдары, электрондық білім беру ресурстары және әдістемелік ұсынымдар бар. Оның ғылыми жарияланымдары отандық және халық-аралық (АҚШ, Швеция, Норвегия, Германия, Түркия, Үндістан, Ресей, Татарстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан) жоғары импакт-факторлы басылымдарда жарық көрген.

Көбейсін Дүйсенбайұлы еліміздегі стоматология бойынша білім беру стандарттары мен бағдарламаларын жасауға ауқымды үлес қосқан айтулы маман. Пәндік комиссияның төрағасы ретінде ол мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары мен үлгілік оқу бағдарламаларын әзірлеуге тікелей қатысып, елдегі медициналық кадрларды даярлауға көп еңбек сіңірді.

Бүгінгі таңда ғылым мен өндірістің өзара байланысы аса маңызды. Ол туралы Мемлекет басшысы Қ-Ж.Тоқаев ғылыми қауымдастықпен кездесуінде: «Барлық ғылыми әзірлеме қолданбалы мәнге ие болуға тиіс. Экономиканың нақты секторларына белсенді енгізілуі керек», – деген еді. Осы орайда, Көбейсін Дүйсенбайұлының ҚР Әділет министрлігінде тіркелген 35-тен астам өнертабысқа берілген патенттері оның зерттеулерінің жоғары инновациялық бағыты мен деңгейін айқын көрсетеді.

Заманауи диагностика және ортопедиялық емдеу әдістерін, цифрлық технологияларды және отандық стоматологиялық материалдарды әзірлеуге және енгізуге бағытталған гранттық бағдарламалар бойынша ол Қазақстанның табиғи шикізатынан алынған «Медициналық гипс» және кобальт-хром негізінде «Stomet-1kz», «Stomet-2kz» қорытпаларын клиникалық тексеруден өткізіп, олардың алғашқы өндірістік партиясын жарыққа шығарды. Осы еңбектерінің нәтижелері бойынша АҚШ, Швеция,

Норвегия, Германия, Түркия, Үндістан, Ресей, Татарстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан елдерінде өткен халықаралық конференцияларда ғылыми баяндамалар жасады.

Ол Стоматология факультетінің деканы, Ғылыми стоматологиялық протездеу орталығының директоры, «Стоматология» РҒКО-ның орынбасары, «Президент іс басқармасы» орталығының стоматологиялық бөлімшесінің меңгерушісі, университет ғылыми кеңесінің мүшесі, сондай-ақ «Өмір және денсаулық туралы ғылым» бағыты бойынша Ұлттық ғылыми Кеңестің мүшесі қызметтерін абыроймен атқарды.

Диссертациялық кеңестердің жұмысына, сондай-ақ клиникалық медицина саласындағы сараптамалық қызметке әрдайым белсенді қатысқан Көбейсін Дүйсенбайұлының жетекшілігімен көптеген шәкірттері кандидаттық, PhD докторлық және магистрлік диссертацияларын сәтті қорғап шықты. Қазақ ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі.

## ЖАҢАШЫЛДЫҚ ЖАРШЫСЫ

К.Алтынбеков өміріндегі тағы бір маңызды кезең – Түркияда Стамбул университетінің докторантурасында жүріп, ортопедиялық стоматологияны толық меңгеруі және жаңа заманауи әдістемелерді Қазақстанға әкелуі еді. Қазақстанға келгеннен кейін ол Алматыда «Жаңа технологияларды әзірлеу және қолдану негізінде стоматологиялық протездеу әдістерін жетілдіру жолдары» тақырыбы бойынша докторлық диссертациясын өте жоғары деңгейде қорғап шықты.

Көбейсін Дүйсенбайұлымен көп жыл қатар еңбек етіп келе жатқан жандардың бірі – медицина ғылымының кандидаты, профессор Бахыт Нысанова әріптесі туралы жүрекжарды пікірін былайша сабақтайды: «Көбейсін Дүйсенбайұлымен бізді көпжылдық бірлескен жұмыс, ғылыми ізденістер және адами қарым-қатынас байланыстырады. Ол жоғары кәсібилік, принципшілдік және шынайы мейірімділік үйлесім тапқан сирек тұлғалардың бірі. Мына бір оқиға есімде қалыпты. Ғылыми жобалардың бірін белсенді түрде жүзеге асырып жатқан кезең еді: уақыт тығыз, нәтижелер мұқият тексеруді талап етті. Көбі мұндай жағдайда формальді тәсілмен шектелер еді, бірақ Көбейсін Дүйсенбайұлы нәтижелерді өзі қайта-қайта қарап, жас қызметкерлермен әрбір детальді талқылап, сабырмен түсіндіріп, бағытбағдар беріп отырды. Сол кезде оның тәжірибесі мен лауазымына қарамастан, команданың әрбір мүшесін қаншалықты дұрыс бағалайтынын байқадым. Ол үшін тек нәтиже алу ғана емес, маман тәрбиелеу, оялауға, талдауға, күрделі міндеттерден қорықпауға үйрету маңызды еді.

Көбейсін Дүйсенбайұлының тағы бір ерекшелігі – жаңа идеяларға ашықтығы. Мол тәжірибесіне қарамастан, ол заманауи технологияларды қызығушылықпен қабылдап, цифрлық шешімдер мен инновациялық материалдарды енгізуді белсенді қолдайды. Бұл қасиет ғылым қарқынды дамып жатқан қазіргі кезеңде ерекше маңызды. Оның жанында жұмыс істеу – үздіксіз үйрену деген сөз. Тек кәсіби дағдыларды ғана емес, жауапкершілікті және адамдарға деген құрметті меңгерісің. Оған шын жүректен зор денсаулық, жолында жаңа жетістіктер тілеймін». Бұл шынайы да әділ пікір...

Бір кездері тағдырдың талқысы мен сан қилы сынағынан аман қалып, ертеңіне мол үмітпен қараған Дүйсенбай ағамыз бен Мереке апаларымыз ұрпағының өркен жаюын қалап, перзенттеріне «Көбейсін» деген есім-сой берсе, бүгінгі күні біз де ғылымның биік шыңын бағындырған, төрткүл дүниенің ғалымдарына өзін мойындатқан ағамыздың ізбасар шәкірттерінің, төл перзенттерінің көбейе беруін тілейміз! «Қуанышты бөлессең – көбейеді» деген аталарымыз... Қуанышыңыз мол, мерейлі белесіңіз құтты болсын!

Мамай АХЕТОВ.

# ТӘУЕЛСІЗДІК ТҰМАРЫ

Алматыда Мемлекеттік рәміздер күні кең көлемде аталып өтті



(Басы 1-бетте)

Шаһарда атаулы күн айрықша сипатта аталып өтті. Патриоттық мәндегі мерекелік іс-шаралар алуан түрлі мазмұнымен ерекшеленді. Ғылыми қауымдастық өкілдерінен тартып, ерікті жастар, студенттер мен оқушыларды қамтыған акциялар ұлттық нышандарды дәріптеп, жас ұрпақты отан-сүйгіштікке баулуды көздеді.

Мемлекеттік рәміздер күніне арналған мерекелік іс-шара Алматыдағы Достық үйінде өткен «Рәміз рухы – Конституция күші» атты ғылыми-тәжірибелік конференциямен жалғасты. Басқосуда қоғам қайраткерлері, ғалымдар, сарапшылар, жастар мен студенттер мемлекеттік рәміздердің тарихи мәні, қоғамдағы орны және өскелең ұрпақты патриоттық рухта тәрбиелеудегі маңызы жөнінде ойларын ортаға салды.

Конференцияның басты мақсаты да – аға буын мен жас ұрпақ арасындағы рухани сабақтастықты нығайтып, мемлекеттік рәміздердің мән-маңызын кеңінен насихаттау. Іс-шара барысында қатысушылар ұлттық құндылықтарды дәріптеу, отансүйгіштік сананы қалыптастыру және тәуелсіз Қазақстанның рухани негіздерін нығайту мәселелерін талқылады.

Жиын соңында қатысушылар Мемлекеттік рәміздер күнімен құттықтап, Көк Бай-

рағымыз әрдайым биікте желбіреп, еліміздің тәуелсіздігі мен тұтастығы мәңгі жасай беруіне тілектестік білдірді.

## «Менің Туым – менің мақтанышым!»

№224 мектеп жанынан ашылған «Балдәурен» жазғы лагерінде «Менің Туым – менің мақтанышым!» атты патриоттық іс-шара өтті. Балалар Мемлекеттік Туды көтеру, ҚР Әнұранын орындау арқылы «Көк Тудың желбірегені» атты флешмобқа қатысты. Патриоттық әндер ырғағында спорттық жаттығу жасады.

Оқушылар ашық аспан астындағы шығармашылық шеберханада өткен «Менің Қазақстаным» сурет салу байқауына қатысып, ең үздік туындылар көрмеге іріктелді. Лагерь жетекшісі Гүлвира Оралбаеваның айтуынша, балалар ұлттық ою-өрнектері бар плакаттар мен аппликациялар жасаудан жарысып, патриоттық викториналар арқылы таным дүниелерін байқатқан.

«Көңіл күй шеңбері» шығармашылық ортасы болса іс-шараға бейресми сипат береді. Барлық іс-әрекет қалалық жазғы лагерь жұмысының аясында өтті. Білім басқармасының жүйелі жұмысының бір бөлігі болып табылады.

## «Мен – елімнің ертеңімін!»

Алматы жұртшылығымен бірге Оқушылар сарайының жеткіншектері де рәміздер күнін ерекше рухта атап өтті. Олар елдіктің айбары болған рәміздердің мән-маңызына арналған атаулы күнде «Мен елімнің ертеңімін!» атты арнайы флешмоб ұйымдастырды.

Бұл күні Оқушылар сарайында қатарынан бірнеше патриоттық мәндегі іс-шаралар ұйымдастырылды. «Мен – елімнің ертеңі» атты мазмұнды акция ұлттық атрибуттардың терең мәнін айшықтауға бағытталды. Мерекелік бағдарлама дарынды балалардың қатысуымен өткен концерттік қойылымдарға ұласты. Сонымен қатар, «Мемлекеттік рәміздер – тәуелсіздік символы» тақырыбында танымдық іс-шаралар мен сурет байқауы ұйымдастырылды.

Балалар Алматы қалалық әкімшілігінің бастамасына үн қатып, қала жұртшылығымен бірге Әнұранды асқақтата шырқады. Елтаңбамыз бен Мемлекеттік Туға тағзым етті. Іс-шара барысында жасөспірімдер Қазақстанның Туы, Елтаңбасы мен Әнұранының мән-маңызы туралы білімдерін толықтырып, мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету – елге деген сүйіспеншіліктің көрінісі екенін терең түсінді.

## Көк Байрақ Көктөбеде желбіреді

Көктөбе демалыс саябағында ауқымды Open-Air форматындағы мерекелік концерт өтті. Қала тұрғындары мен қонақтарының басын қосқан мәдени іс-шара ұлттық құндылықтарды дәріптеп, елдік рухты асқақтатты.

Мерекелік кеш Алматы қаласы әкімдігінің қолдауымен ұйымдастырылып, Мемлекеттік рәміздердің маңызын насихаттауға, жастардың отаншылдық сезімін арттыруға және тұрғындарға көтеріңкі көңіл күй сыйлауға бағытталды.

Алматы қаласы Мәдениет басқармасының басшысы Данияр Әлиевтің айтуынша, Мемлекеттік

рәміздер күніне орай қала көлемінде 100-ден астам іс-шара ұйымдастырылды. Оның ішінде Мәдениет басқармасына қарасты мекемелерде 52 мәдени-көпшілік іс-шара өткізілген.

Кешкі уақытта Көктөбе саябағында өткен басты мерекелік концертке қазақстандық эстраданың танымал әншілері қатысты. Сахнада Айдар Тұрғанбек, Төреғали Төреәлі, Әбдіжаппар Әлқожа, Тұрар, Ақботанұр Сейтмағамбет, Баянсұлу, Диная, Ернар Жұматаев және «КешYOU», «Алашұлы», «Абырой» топтары өнер көрсетіп, патриоттық және халық сүйіп тыңдайтын әндерін орындады.

Мыңдаған көрермен жиналған мерекелік кеш ерекше атмосферада өтіп, өнер мен шығармашылық арқылы ұлттық бірегейлік пен қоғамдық келісім құндылықтарын дәріптеді. Мемлекеттік рәміздер күніне арналған салтанатты іс-шаралар алматылықтардың елге, жерге және Отанға деген сүйіспеншілігін арттыруға өз үлесін қосты.

## Елдік нышаны

Мемлекеттік рәміздер – ел тәуелсіздігі мен мемлекеттілігінің басты нышандары. Әсіресе, Көк Ту халқымыздың бірлігі мен еркіндігін, болашаққа деген сенімін бейнелейді. Сондықтан әрбір қазақстандық үшін Ту, Елтаңба және Әнұранға құрметпен қарау – азаматтық парыз.

Соңғы жылдары мемлекеттік рәміздерді пайдалану тәртібі жетілдіріліп, азаматтарға Туды тұрғын үйлерде, балқондарда және түрлі салтанатты іс-шараларда қолдануға мүмкіндік берілді. Алайда, оны пайдалану кезінде ұлттық стандарттар мен заң талаптарын сақтау міндетті.

Заңнамаға сәйкес мемлекеттік Туды бүлдіруге, оған жазу жазуға, жерге тигізуге немесе бір реттік тұрмыстық заттарға бейнелеуге болмайды. Мемлекеттік рәміздерді құрметтеу – елге, тарихқа және ұлттық құндылықтарға деген құрметтің айқын көрінісі.

**Рая ЕСКЕНДІР,  
Дана САДЫРҚАН.**  
Сурет: Самат ҚҰСАЙЫНОВ.





## ОРЫНДЫҚТАР АЛЛЕЯСЫ

**Экологтар күні мен Дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күні қарсаңында Алматы қаласының Бостандық ауданындағы «Оңтүстік» саябағында қайта өңделген пластиктен жасалған орындықтар аллеясы ашылды.**

Жобаның басамашысы – Қазақстан нарығында 15 жылдық мерейтойын 5 маусымда атап өткен Karcher Kazakhstan компаниясы. Компанияның мерейтойы Дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күнімен тұспа-тұс келуі де ерекше мәнге ие. Жоба Алматы қаласының Экология және қоршаған орта басқармасы, Eco Almaty ЖШС, ECO Network компаниясы және Satbayev University қолдауымен жүзеге асырылды.

Ашылу рәсіміне Алматы қаласының Экология және қоршаған орта басқарма-

сының басшысы Серік Әділбаев пен Бостандық ауданы әкімінің орынбасары Алмаз Кеңесбай қатысты.

Аллеяны жасау үшін жалпы салмағы шамамен, 250 келі болатын 120 мыңнан астам пластик қақпақша жиналды. Олардың барлығын Алматы мектеп оқушылары «Мейірімді қақпақша» экологиялық жобасы аясында жинаған. Сұрыптау мен дайындаудан кейін қақпақшалар Satbayev University базасындағы ECO Network ұйымының «Эко-хабына» қайта өңдеуге жіберіліп, екінші шикізаттан жаңа аллеяға арналған 11 орындық дайындалды.

Серік Әділбаевтың айтуынша, мұндай жобалар «Таза Қазақстан» бастамасының қағидадарын айқын көрсетіп, қалдықтардың қалалық ортада екінші өмірге ие бола алатынын дәлелдейді.

«Karcher Kazakhstan» ЖШС-нің бас директоры Кирилл Кулешов компанияның экологиялық бастамалар мен тұрақты

даму жобаларын жүйелі түрде жүзеге асырып келе жатқанын атап өтті.

ECO Network жобасының негізін қалаушы Евгений Мұхамеджанов орындықтарды жасау тұрғындардың, оқушылардың, еріктілердің және серіктес ұйымдардың бірлескен еңбегінің нәтижесі екенін айтты.

«Бұл орындықтар қалдықтарды бөлек жинаудың нәтиже беретінін көрсетеді. Мыңдаған адам қақпақшаларды жинауға қатысып, олар кейін қайта өңделіп, қалалық ортаның толыққанды элементтеріне айналды. Бұл жоба басқа компаниялар мен қала тұрғындарын да экологиялық бастамаларды қолдауға шабыттандырады деп сенеміз», – деді ол.

Сонымен қатар, аллея аумағында пластик бөтелкелер мен алюминий банкаларды жинауға арналған алма пішініндегі арнайы тор орнатылды. Жақын маңдағы университеттердің студенттері оны күтіп

ұстауға және қалдықтарды бөлек жинау мәдениетін насихаттауға қатысуға дайын екендерін білдірді.



Жаңадан орнатылған эко-орындықтар қала тұрғындарының да көңілінен шықты. Саябақта демалып отырған қала тұрғыны Аружан Ауыпбаева: «Мәрмәрден жасалғандай өте ерекше әрі заманауи көрінеді

екең. Түстерінің ашық әрі қанық болғаны қатты ұнады. Қала ішінде осындай сұрғылт дүниелердің арасында бұл орындықтар саябаққа ерекше рең беріп тұр. Осындай ашық түстер біздің қаламызға өте қажет».

Бұл жоба экологиялық мәдениетті және жауапты тұтыну қағидадарын ілгерілетуде бизнес, қоғамдық ұйымдар, білім беру мекемелері мен қаланың өзара тиімді ынтымақтастығының тағы бір жарқын үлгісі болды.

Гүлжанат СЕМБАЕВА



## ТАБИҒАТТЫҢ ӘУЕНІ

**Алматы қаласында білім беру саласындағы шығармашылық пен экологиялық тәрбиені ұштастырған «Табиғаттың әуендері мен бояулары» атты басқосу болып өтті. Іс-шараның басты мақсаты – балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру, эстетикалық талғамын дамыту және шығармашылық қабілеттерін шыңдау бағытындағы тиімді тәжірибелер мен бөлісу болды.**

Медеу ауданындағы №110 бөбекжай-балабақшасында өткен қалалық семинарға мектепке дейінгі ұйымдардың әдіскерлері, тәрбиешілері мен жас мамандар қатысты. Жиын барысында қатысушылар табиғат тақырыбын өнер, музыка және бейнелеу сабақтарымен байланыстырудың заманауи әдіс-

тәсілдерімен танысты. Онда экологиялық мәдениетті қалыптастырудағы шығармашылық жобалардың маңызы кеңінен талқыланды.

Ашық аспан астында қоршаған ортаның көріністерін бейнелеген сурет көрмесі ұйымдастырылып, табиғат әуендерін насихаттайтын музыкалық қойы-

лымдар ұсынылды. Семинар қонақтары балалардың шығармашылық жұмыстарына жоғары баға беріп, мұндай жобалардың жас ұрпақ тәрбиесіндегі рөлі ерекше екенін атап өтті.

Бұл күні педагогтер өз тәжірибелерімен бөлісіп, табиғатты қорғау мен қоршаған ортаға жанашырлық таныту мәселелерін білім беру үдерісінде енгізудің тиімді жолдарын ортаға салды. Сондай-ақ, шеберлік сағаттары өткізіліп, қатысушылар тәжірибелік тапсырмалар орындады. Қонақтар балабақша ұжымының табиғат тақырыбын музыка, бейнелеу өнері және танымдық іс-әрекеттер арқылы балаларға жеткізудегі жаңашыл әдістерімен танысты. Іс-шара барысында тәрбиеленушілердің қатысуымен табиғат көріністерін бейнелейтін шығармашылық көрме ұйымдастырылып, ән мен би композициялары ұсынылды.

Қалалық семинар қорытындысында ұйымдастырушылар мұндай тағылымды іс-шаралардың алдағы уақытта да жалғасын табатынын айтып, қатысушыларға Алғыс хаттар табыстады. «Табиғаттың әуендері мен бояулары» жобасы аясындағы басқосу ұстаздар мен оқушылар үшін рухани әрі шығармашылық шабыт сыйлаған маңызды алаңға айналды. №110 бөбекжай-балабақшасының ұжымы ұйымдастырған бұл семинар тәжірибе алмасудың тиімді алаңына айналып, мектепке дейінгі білім беру саласындағы шығармашылық ізденістерді дамытуға серпін берді.

Семинар соңында қалалық мектепке дейінгі ресурстық орталықтың әдіскері Жанар Әнуарбекқызы ұйымдастырушыларға алғыс білдіріп, мұндай мазмұнды іс-шаралардың маңыздылығын ерекше атап өтті.

Рая ЕСКЕНДІР.

## АЛМАТЫДА ЭКОЖОБАЛАР КӨБЕЙДІ

**Мегаполисте «Таза сана» жобасы аясында жыл басынан бері 26 көшпелі «Эко-нүкте» акциясы өтті.**

Жоба тұрғындарға қалдықтарды сұрыптау мәдениетін түсіндіріп, жастар мен балалар арасында экологиялық жауапкершілікті қалыптастыруды мақсат етеді. Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихатында жоба менеджері Наргиз Қабдоллаева наурыз айынан бері команда қала аудандарын аралап, тұрғындарға экологиялық өмір салты туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізіп келе жатқанын айтты. Акциялар барысында балаларға арналған ойындар, байқаулар мен шеберлік сабақтары ұйымдастырылып, белсенді қатысушылар марапатталады.

Жоба қатысушылары экологиялық ағартумен қатар қалалық сенбіліктерге де қатысып келеді. Ұйымдастырушылардың пікірінше, қазіргі экологиялық мәдениет тек аумақты тазалау мен шектелмей, қалдықтарды сұрыптау және қайта өңдеуге жіберу дағдыларын қалыптастыруды да қамтуы тиіс.

Жоба аясында жастар бастамалары мен экологиялық ағартуды қолдау бағытында бірқатар ұйымдармен ынтымақтастық туралы меморандумдарға қол қойылды. Алдағы уақытта балалар мен жасөспірімдерге арналған қа-



лалық экологиялық лагерь ашу жоспарланып отыр. Лагерьде қатысушылар табиғатты зерттеп, экологиялық жорықтарға қатысып, қоршаған ортаға жауапты көзқарас қалыптастыруға бағытталған тәжірибелік сабақтардан өтеді.

Сонымен қатар, «Таза сана» жобасы қайта өңделген материалдардан арт-нысан жасауға арналған байқау жариялады. Байқауға суретшілер, дизайнерлер, сәулетшілер және шығармашылық жоғары оқу орындарының студенттері қатыса алады. Қатысушылар екінші реттік шикізаттан инсталляциялар, мүсіндер мен көше арт-нысандарын әзірлейді.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, бастама қайта өңдеу мен жауапты тұтыну мәдениетін насихаттап қана қоймай, қалдықтарға деген көзқарасты өзгертуге ықпал етеді. Үздік жұмыстар қаладағы қоғамдық кеңістіктердің бір бөлігіне айналып, тұрғындардың экологиялық мәселелерге қызығушылығын арттыруы тиіс.

Аяжан ҚУАНЫШОВА.

ІЗЕТ

# АДВОКАТУРАНЫҢ АҚСАҚАЛЫ

**Алматы қалалық адвокаттар алқасының төрағасы қызметін үздіксіз 28 жыл басқарған Кенжеғали Карчегеновтің өмірден озғанына бір жыл болып қалыпты. Қысқа тірлікте ағалы-інідей болып сыйласқан марқасқа азаматтың адвокатура туралы айтатын әңгімелері көп еді. Адвокатпен көпшілігіміздің жиі кездесе бермейтініміз, олар туралы толыққанды білмейтініміз рас. Басымызға іс түсіп, сергелдең бола бастағанда іздей бастаймыз. Адвокатура институты қоғамымызда қай кезден бастап пайда бола бастады, жалпы адвокатураның құқықтық бағытты таңдаған елімізде орны қандай? Осындай сауалдарды Кенжекеңе көзі тірісінде талай қойғанмын. Заң саласын, оның ішінде адвокатураны жан-жақты тереңінен білетін Кенжеғали Қадырұлы өзіне тән сабырлы қалпын бұзбастан әңгіме тізгінін ағытар еді.**

«Баяғының билер сотында айыпталушыға ел ішіндегі адамгершілік беделі жоғары ақсақалдар ара түсетін. Міне, осындай қазақ қоғамында «айыптыны қорғау институтының» анық элементтері 1920 жылдарға дейін сақталды. Ал заң ғылымында адвокат термині 1864 жылдары пайда бола бастаған. Сөйтсе де, адвокатураның ұйымдастырушылық-құқықтық пішіні болып табылатын адвокаттар алқасы қазірде де АҚШ, Германия, Франция сынды демократиялық елдердегідей айтулы маңызға ие бола алмай отыр. 1864 жылы адвокатура Ресейдің жаңа заң мекемесі болып табылған да, адвокаттың еркін мамандық ретінде қанат жаюына жол ашып еді. Сол тұста Қазақстандағы сот жүйесі 1886, 1891 жылдардағы Түркістан және Дала өлкелерін басқару жүйесіндегі ереже бойынша жүзеге асырылды. 1898 жылғы Сот реформасы адвокатураның іс-әрекетінің құқықтық

негізін қалап берді. Кеңестік саяси жүйеде адвокатураның іс-әрекеті көптеген өзгерістерге ұшырады. Кеңес өкіметінің алғашқы декреттері жеке адвокатураның қызметін шектеу мақсатында шығарылды.

1997 жылдың желтоқсанында елімізде алғаш рет «Адвокат қызметі туралы» заң қабылданды. Ата Заң бойынша әр азамат еркін әрі өзінің құқығын қорғай алады. Олардың арқа сүйері – адвокат. Адвокат өзінің кәсіби қызметін толық жүзеге асыру үшін көптеген принциптерге сүйенеді. Мәселен, оның ешкімге кіріптар болмай тәуелсіз болуы; құқық қорғау органдары мен лауазым иелері тарапынан қандай да болмасын қысым жасалмау және адвокаттық құпияны сақтай білу. Бір ескертерлігі, «Адвокат қызметі туралы» заңды ТМД елдері ішінде бірінші болып қабылдадық. Адвокат болу үшін терең білім ғана емес, адамның жанын түсінетін әрі әділдікті жақсы көретін қасиетке ие



болуың керек. Аман болсақ, талай білімді жастар өз тағдырларын адвокатурамен байланыстырады», – дейтін ақсақал.

Кенжеғали аға адвокат болу сынды бала күнгі арманын орындау үшін талай бұралаң жолды басып өткен. 3 жыл Кеңес әскері қатарында азаматтық борышын өтеген соң, 1968 жылы Алматыға арман арқалап келді. «Ол кездегі Алматы бөлек еді ғой. Адамдар бір-бірін жатырқамайтын. Алғашқы келген күні қонатын жерім болмай, 2-ші Алматы вокзалында түнегенімді қалай ұмытамын», – деп отыратын. 1968 жылы Алматы қалалық №5 автобус паркіне қатардағы жұмысшы ретінде қабылданған ол 1976 жылға дейін біліктілігінің арқасында директордың орынбасары лауазымына дейін көтерілді. 1975 жылы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің Заң факультетін тәмамдаған. 1976 жылы Алматы қалалық атқару комитетінің инспек-

торы, кейіннен бөлім бастығы, 1981 жылдан тұрғын үйлерді есепке алу және бөлу басқармасы бастығының орынбасары жауапты қызметін абыроймен атқарады. Ол кездері Алматыда тұрғын үйге қол жеткізу дегенің, орындалмас армандай еді. «Талай ақын-жазушылар, әншілердің тұрғын үйге қол жеткізгендегі қуаныштарына куә болғаным бар. Белгілі ақын Сырбай Мәуленов бір күні қабылдауыма келді. Шәй ішіп, 15 минуттай әңгімелестік. Қоштасарда «қарағым Кенжеғали, мына отырған қызметің ішпей-жемей күйіп кетуге болатын жер екен. Байқа, байқа» деп тілектестігін білдіріп еді», – деп сағынышқа айналған кездерді емірене еске алатын.

Кенжеғали Карчегенов 1988 жылы Алматы қалалық адвокаттар алқасының мүшесі болып қабылданды. Алдымен аудандық заң кеңесінің меңгерушісі, алқа төрағасының орынбасары, 1990 жылдан бастап Алматы қалалық адвокаттар алқасының төрағасы болып, 28 жыл адалынан еңбек етті. Кенжекеңнің бастамасымен 1991 жылы Қазақстан адвокаттар одағы құрылып, адвокаттар одағының алғашқы төрағасы болып заңгерлер қауымы бір-ауыздан Кенжекеңді сайлаған. Ол осылайша адвокат мамандығының беделі мен мәртебесін өсіру жолында қыруар жұмыстар атқарды.

К.Карчегенов адвокаттар арасында бірінші болып «Құрмет» орденімен марапатталып, «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» атағына ие болды. Жан-жары Фатима жеңгей екеуі Махаббат, Айнұр есімді қыздарын тәрбиелеп өсірді. Қыздары да әке жолын қуып, заң саласында еңбек етеді.

Атақ пен даңқ іздеп аласұрмай, абырой биігінен төмендемей, жан-жағына шуақ шашып ғұмыр кешкен Кенжеғали ағамыздың елге сіңірген еңбегін әріптестері мен замандастары ұмытпайды деп сенеміз.

**Кенжебек ТҰМАНБАЙҰЛЫ.**

«ЗАҢ МЕН ТӘРТІП»

## «РАХАТ» БАЗАРЫ ЖҰМЫСЫН ТОҚТАТТЫ

**Жетісу ауданында бұрын заңсыз орналасып, жұмысын жүргізген «Рахат» базарының аумағын көркейту жұмыстары басталды. «Заң және тәртіп» қағидатын жүзеге асыру аясында қолға алынып отырған жұмыс тұрғындар мен қала қонақтарына жайлы әрі қауіпсіз орта қалыптастыруға бағытталған.**

«Барахолка» аумағына орналасқан «Рахат» базары 2018 жылдан бері жұмыс істеп келді. Алайда, жер телімі «ТКМ» ЖШС тарапынан тиісті рұқсат құжаттарысыз пайдаланылып келген. Әрі бұл жер кәсіпкерлік заңнамасының талаптарына қайшы болған еді. Биыл 6 сәуірінен бастап Жетісу ауданы әкімінің аппараты заңды күшіне енген сот шешімдерін орындау мақсатында аумақты босату бойынша кешенді жұмыстар жүргізді.

Түсіндіру жұмыстарының арқасында 150-ден астам кәсіпкер базар аумағынан көшірілді. Оларға кәсіпкерлік қызметтің үздіксіз жалғасуын қамтамасыз ету үшін әкімдік тарапынан көршілес базарлардан жеңілдетілген шарттармен баламалы сауда орындары ұсынылды.

Жұмыс барысында кәсіпкерлер сауда контейнерлерін өз бетінше шығарып, шатырлар мен қоршау құрылымдарын бөлшектеді. Қазіргі уақытта босатылған аумақта көріктендіру жобасы әзірленіп жатыр. Мұнда базар келушілеріне арналған көгалдандырылған әрі жайлы демалыс

аймағын құру жоспарланып отыр.

Сонымен қатар, аумақтың бір бөлігі автотұрақ ұйымдастыру мақсатында «Алматы паркинг» ЖШС қарамағына беріледі. Бұл өз кезегінде көлік қозғалысын реттеп, ауданның көлік қолжетімділігін жақсартуға мүмкіндік береді. Алматы қаласының әкімдігі қала аумағында тәртіп орнату және заң талаптарының мүлтіксіз сақталуын қамтамасыз ету бағытындағы жұмысты жүйелі түрде әлі де жалғастыруда.

Жер телімдерін заңсыз пайдалану мен құқықтық алаңнан тыс кәсіпкерлік жүргізуге жол берілмейді. Еске сала кетерлігі, бұған дейін Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды мегаполис аумағында заңдылық пен тәртіпті сақтаудың маңызын ерекше атап өткен болатын. Дәл қазіргі кезде де қала аудандарында заңсыз сауда нысандарын анықтау және жою, сондай-ақ босатылған аумақтарды тұрғындар игілігіне қайтару бағытындағы жүйелі жұмыстар жалғаса береді.

**Рая ЕСКЕНДІР.**

ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК



## ШЕКАРА ҚЫЗМЕТІ ӨНДІРІСТІК БАЗАСЫН ЖАҢАРТТЫ

**Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі Техниканы және қару-жарақты жөндеу басқармасында күрделі жөндеуден өткен өндірістік цехтың ашылу рәсімі өтті.**

Салтанатты рәсімге ҰҚК Шекара қызметінің басшылығы, сала ардагерлері, мемлекеттік органдар мен құқық қорғау құрылымдарының өкілдері қатысты. Іс-шара барысында қонақтарға өндірістік цехтың жаңартылған материалдық-техникалық базасы таныстырылып, әскери техника мен қару-жарақты жөндеудің жаңа мүмкіндіктері көрсетілді.

Айта кетейік, техникалық кешен алғаш рет 1983 жылы шекара қызметінің жөндеу зауыты ретінде құрылған. Сол уақыттан

бері жөндеу жұмысы жүргізілмеген цехқа араға 43 жыл салып, ауқымды жаңғырту жұмыстары жүргізілді. Заманауи технологиялармен жабдықталып, өндірістік база ретінде іске қосылды. Мұнда шекара қызметіне қажетті жаңа технологиялық станоктар орнатылып, әскери техника мен қару-жарақты жөндеу мүмкіндігі кеңейтілген. Қазақстан бойынша шекара қызметіне қажетті бұзылған техника мен қару-жарақтарға жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Тексерістен өткен және қайта қалпына келтірілген техни-

калар кейін шекара бөлімшелеріне жіберіледі.

Сондай-ақ, басқармада шекара нысандарына арналған инженерлік құрылымдар дайындалады. Атап айтқанда, металл бақылау мұнаралары мен қақпалар, жылыту бекеттері, қоршау элементтері, дабыл жүйелеріне арналған құрылғылар мен шекара бекеттеріне қажетті түрлі конструкциялар өндіріледі. Тіпті, шекара қызметкерлеріне арналған модульді контейнерлер мен тұрмыстық нысандар да осы жерде жасалады.

Басқарма бастығының орынбасары, өндірістік бөлім бастығы, подполковник Мұрат Абдрахманов басқарманың техникалық әлеуеті туралы айтып өтті. Оның сөзінше, Техниканы және қару-жарақты жөндеу басқармасы құрылғаннан бері мемлекеттік шекараны техникалық қамтамасыз ету ісіне елеулі үлес қосып келеді.

«Бұл кәсіпорын Қазақстан Республикасының барлық өңіріндегі шекара бөлімшелерін қажетті инженерлік өнімдермен қамтамасыз етеді. Жыл сайын мұнда әртүрлі модификациядағы 80-нен астам автокөлікке күрделі жөндеу жүргізіліп, 500-ден астам инженерлік қоршау элементтері дайындалады», – деді ол.

Өндірістік цехтың күрделі жөндеуден кейінгі салтанатты ашылуы аясында Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі құрамына 27 арнайы автокөлік табысталды. Жаңа техникалар шекара бөлімшелерінің материалдық-техникалық әлеуетін күшейтіп, қызметтік міндеттерді жедел әрі тиімді орындауға мүмкіндік береді.

**Гүлжанат СЕМБАЕВА**

# ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗДАР ӘУЛЕТІ

**Отбасы құндылығы – ұлттық тәрбие, ұстаз мәртебесі – мұның бәрі біз ұмтылған ізгі қоғамның басты құндылықтары. Ал осы ұғымдардың барлығын ұштастырған әулеттердің бар екенін ұғына бермейміз. Тағылымы телегей, тамыры терең ұрпағына ғана емес, тұтас қоғамға үлгі болар отбасылардың бірі – педагогика саласына ғұмырын арнаған Сәбит Иманғалиев пен Зүбайра Қыстаубаеваның шаңырағы. Биыл бұл ардақты ерлі-зайыптылардың отасқандарына 60 жыл толып отыр. Әрине, бұл – бір-біріне деген адалдықтың, рухани үндестіктің, ұлттық тәрбиенің, ұстаздық жолға деген шынайы берілгендіктің жарқын көрінісі.**

Сәбит Иманғалиев пен Зүбайра Қыстаубаеваны танип жандар олардың бойындағы ең басты қасиетті ең әуелі адамгершіліктен іздейді. Өмірге де, адамға да мейіріммен қарайтын бұл кісілердің болмысы – тұнып тұрған мәдениет пен парасат. Көпшілік арасында жүргенде де, шәкірт тәрбиелегенде де, отбасында ұрпақ өсіргенде де олар ешқашан биік мінберден ақыл айтқан емес.

Сәбит Иманғалиев Қызылорда облысы, Жалағаш ауданындағы бүгінгі Темірбек Жүргенов ауылында дүниеге келген. Балалық шағы ауыл еңбегімен астасып өтті. Жас күнінен алғыр Сәбит аға алғашында медицина саласын таңдап, фельдшер болып еңбек етті. Кейін әдебиетке деген қызығушылығы оны Қазақ мемлекеттік университетінің Филология факультетіне алып келді. Осылайша ұстаздық жолы басталды. Жалағаш ауданындағы мектептерде мұғалім, директордың орынбасары және мектеп директоры болып қызмет атқарды.

Жас күнінен алғыр, ойы сергек Сәбит аға алғашында медицина саласын таңдап, Қызылорда медучилищесін тәмамдап, фельдшер болып еңбек етті. Бірақ оның жан-дүниесін әдебиет пен руханият өзіне тартып тұратын. Қолына қалам алып, өлең жазып, кітап оқуға құмар жас жігіт ақыры арман қуып, Қазақ мемлекеттік университетінің Филология факультетін бітіреді. Осылайша оның ұстаздық жолы басталды.

Ал Зүбайра Қыстаубаеваның өмір жолы да тағылымға толы. Қызылордадағы М.Мәметова атындағы педагогикалық училищені, кейін педагогикалық институттың Филология факультетін тәмамдаған ол қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, кейін бар ғұмырын білім саласына арнады. «Білім беру ісінің үздігі» атанған ол – мықты әдіскер мұғалім ғана емес, ұлттық тәрбиенің жанашыры. Этнопедагогика қағидаларын терең меңгерген ұстаз ұрпағын қазақы тәлім-тәрбие негізінде өсіруге айрықша көңіл бөлді. Оның түсінігінде тәрбие – баланың бойына



тек білім емес, ұлттық рух, ізгілік, үлкенге құрмет, кішіге қамқорлық секілді қасиеттерді сіңіру.

Зүбайра апайдың ұстаздық еңбегі де елеулі. Ол 1989 жылы 9–11-сыныптарға арналған «Қазақ тілі» оқулығының авторларының бірі болды. 17 мың дана таралыммен жарық көрген бұл кітап сол кезеңдегі маңызды оқу құралдарының бірі саналды. Кейін жұбайы Сәбит Иманғалиевпен бірге «Орысша-қазақша сөздік» шығарып, мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейтуге үлес қосты. Бұл сөздікке білім, медицина, техника салалары бойынша 10 мыңға жуық сөз енгізіліп, қазақ тіліндегі ресми іс қағаздарының үлгілері де қамтылды.

Ұстаздық жолында Зүбайра апай Қызылорда гуманитарлық университетінде, кейін Алматыға көшкен соң Қазақ-Америка университетінде және Алматы экономика және статистика академиясында аға оқытушы болып еңбек етті. Ұзақ жылғы еңбегі мемлекет тарапынан лайықты бағаланып, Білім министрлігінің «Құрмет» грамотасымен және бірнеше мерекелік медальмен марапат-

талды. Ал Сәбит Иманғалиевтің өмір жолы туған тілге, ұлттық руханиятқа қызмет етумен өрілді. Нағыз ұлтжанды азамат ретінде ол қазақ тілінің мәртебесін көтеру жолында табанды еңбек етті. Қызылорда қалалық «Қазақ тілі» қоғамының төрағасы, Тіл басқармасының бастығы, қалалық әкімшіліктің бас маманы қызметтерін атқарып, мемлекеттік тіл саясатына белсенді араласты.

1990 жылдары қазақ тілінің қоғамдық қолданысын кеңейту жолында ауқымды жұмыстар жүргізілді. Қысқа уақыт ішінде қаладағы мекемелер мен оқу орындарында жиырмаға жуық «Қазақ тілі» қоғамы құрылып, арнайы оқу үйірмелері ашылды. 1992 жылы қала әкімдігінің қолдауымен қазақша әріптері бар жазу машинкалары мен қаріптер әкелініп, мекемелерге таратылды. Кейін өндірістің жиырма саласын қамтитын 10 мың терминнен тұратын «Орысша-қазақша сөздік» жарық көрді.

Сәбит аға қазіргі таңда да ұлттық сана мен тіл мәселесіне ерекше мән береді. Оның пікірінше, тілдің тағдыры әр азаматтың жауапкершілігіне байланысты. Сонымен қатар, ол ономастика саласында да жемісті еңбек етіп, Қызылордадағы көптеген көшеге тарихи тұлғалардың есімін беруге атсалысты. Кейін «Қызылорда көшелері», «Алматы көшелері», «Астанадағы көшелер» атты анықтамалық кітаптар шығарып, тарихи жадымызды жаңғыртуға үлес қосты.

Сәбит аға мен Зүбайра апайдың ең үлкен жетістігі – олардың отбасы. Ұл-қыздарының бойына адалдықты, еңбекқорлықты, жауапкершілікті және ана тіліне құрметті сіңірді. Соның нәтижесінде бүгінде олардың балалары елге қызмет етіп жүрген білікті мамандарға айналды.

Ұлкен ұлы Бауыржан Иманғалиев – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің доценті, белгілі ғалым. Кіші ұлы Сәтжан Сәбитұлы – Тұран университетінің қауымдастырылған профессоры, заң ғылымдарының кандидаты. Қыздары Гүлназ, Гүлжан және Гүлсара да түрлі салада табысты еңбек етуде.

Бұл әулетте ғылым мен кітапқа деген құрмет ерекше. Бүгінде Иманғалиевтер отбасында 24 кітап жарық көрген. Немерелері де ғылым, спорт және ұлттық өнер бағытында жетістікке жетіп келеді. Берекесі мен бірлігі жарасқан отбасы қоғам тарапынан да жоғары бағаланды. 2008 жылы «Үлгілі отбасы» байқауында жүлделі орын иеленсе, 2018 жылы «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауының Алматы қалалық кезеңінде Бас жүлдені жеңіп алды.

Бүгінде сексеннің биігіне абыроймен көтерілген Сәбит Иманғалиев пен ұлағатты ұстаз Зүбайра Қыстаубаева – қазақы тәрбиенің, ұстаздық парасаттың және отбасы құндылығының жарқын үлгісі. Олардың өмір жолы ұлт тәрбиесінің тамыры отбасыдан басталатынын айқын көрсетеді.

Дана САДЫРҚАН.



**Түркияның Анталья қаласында өткен FEMO (Future Intelligence Students Mathematics Olympiad) халықаралық математика олимпиадасында Алматы қаласындағы №90 мамандандырылған мектеп-лицейінің оқушылары ерекше нәтиже көрсетті. Білім додасына қатысқан 16 оқушының барлығы да жеңімпаз атанды.**

## Алматылық оқушылар 16 медаль жеңіп алды

Жас математиктер 16 медаль жеңіп алып, Қазақстанның білім беру саласындағы жетістіктерін халықаралық деңгейде тағы бір мәрте дәлелдеді.

Аталмыш олимпиадаға әлемнің 18-ден астам елінен мыңдаған оқушы қатысқан. Қазақстан, АҚШ, Ұлыбритания, Германия, Франция, Түркия, Біріккен Араб Әмірліктері, Сауд Арабиясы, Ресей және басқа да мемлекеттердің дарынды оқушылары бақ сынаған білім додасында алматылық оқушылар жоғары дайындық деңгейін көрсетті.

Биылғы маусымда FEMO олимпиадасына 6000-нан астам оқушы қатысып, олардың тек 570-і ғана финалдық кезеңге жолдама алды. Ал жүлделі орындарға шамамен, 200 қатысушы ие болған. Осындай қатаң іріктеу жағдайында №90 мектеп-лицейінен барған 16 оқушының барлығы жүлдегер атануы – сирек кездесетін көрсеткіш.

Нәтижесінде мектеп қоржынына 6 алтын, 3 күміс және 7 қола медаль түсті. Бұл жетістік тек бір білім ордасының ғана емес, жалпы қазақстандық математикалық мектептің әлеуетін көрсетеді.

## «Балдәуренде» бал күндер



**Алматы ауданындағы №167 жалпы білім беретін мектеп жанынан ашылған «Балдәурен» демалыс лагері – жазғы демалыстың жарқын жобасына айналды. Халықаралық балалар күніне орай мектепшілік жазғы лагерь өз жұмысын бастады. Балғын балалықтың ең шуақты мерекесімен тұспа-тұс келген бұл күн ерекше көңіл күйге, қуаныш пен шаттыққа толы болды.**

Лагерь жұмысы әр күн сайын қызықты іс-шаралармен өрбиді. Демалушы балалар қаламыздағы «Ботаникалық баққа» саяхат жасап, өсімдіктер әлемімен танысады. Мектептің жазғы спорт алаңында ұйымдастырылған эстафета барысында балалар ұйымшылдыққа, салауатты өмір салтын ұстануға үйренеді. Лагерьдің ашылу салтанаты көтеріңкі рухта өтті.

«Оқушыларға арналған қызықты бағдарламалар, көңілді эстафеталар мен шығармашылық сайыстар ұйымдастыры-

лып, әр бала өз өнерін көрсетуге мүмкіндік алады, – дейді мектеп басшысы Ғалия Нәлібаева.

«Балдәурен» лагері балалардың жан-жақты дамуына арналған ерекше ортаға айналып отыр. Мұнда оқушылар түрлі танымдық, спорттық және мәдени іс-шараларға қатысып, жаңа достар тауып, өз қабілеттерін шыңдайды. Әр күн ерекше тақырыпқа құрылып, балалардың қызығушылығын арттыратын мазмұнды іс-шаралармен жалғасады.

Қала әкімінің бастамасымен шаһардағы жазғы лагерь жұмысы оқушылардың жазғы демалысын тиімді ұйымдастыру, олардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, денсаулығын нығайту және бос уақытын пайдалы өткізуге басымдық беруде. Балалар күнімен қатар басталған бұл игі бастама бүлдіршіндердің жазғы демалысын жарқын әсерлерге толтырып, ұмытылмас естеліктер сыйлайтыны сөзсіз. Балалардың бал күніне толы «Балдәурен» лагері әр баланың арманы мен қуанышы тоғысқан мекенге айналмақ.

Рая ЕСКЕНДІР.



## ИННОВАЦИЯ

**Алматыдағы Кардиология және Аішкі аурулар ғылыми-зерттеу институтында госпитальдық фармация бөлімі ашылды.**

Толықтай жаңа инновациямен жабдықталған бөлімде емдеу үдерісіне клиникалық-фармакологиялық бағалау, терапияның тиімділігі мен қауіпсіздігін бақылау, емдеу тәсілдерін ұтымды таңдау, дәрілерді сұйылту жұмыстары жүргізіледі. Сондай-ақ, біз таблетка түріндегі дәрілерді дәл мөлшерлеуді қамтамасыз ететін, адам факторының әсерін азайтып, дәрілерді беру үдерісін жеделдететін автоматтандырылған жүйемен таныстық.

Дәрілік заттарды сақтау жағдайларын қатаң бақылауға, қалдықтар мен жарамдылық мерзімін нақты уақыт режимінде есепке алуға мүмкіндік беретін автоматтандырылған сақтау кабинетін және дайын дәріні екінші, үшінші, тіпті төртінші

қабаттағы дәрігерге алып бара жатқан роботты да көрдік.

Клиникалық фармакология бөлімінің басшысы Айгүл Бақтығалиева жаңа технологияларды енгізу арқылы 1С бухгалтериясы мен DAMUMED ақпараттық жүйелерін біріктіруге, бөлімшелердегі медицина қызметкерлерінің уақытын оңтайландыруға, тағайындалған дәрінің асқан дәлдікпен өлшеніп, палатағы науқасқа дәл уақытында жеткізілуіне мүмкіндік туатынын атап өтті.

«Автоматтандыру мен цифрландыруды енгізудің басқа да артықшылықтары бар. Атап айтқанда, дәрілік заттардың қозғалысының толық ашықтығы қамтамасыз етіледі, ал үдерістерді автоматтандырудың бес деңгейлі бақылауы тәуекелдер мен қателіктерді азайтады», – дейді Айгүл Бақтығалиева.

(Сурет: автордікі).



## КОНФЕРЕНЦИЯ



## Әлемдік сарапшылар бас қосты

**3-4 маусым күндері Алматы қаласында «Клиникалық тәжірибедегі геномдық және генетикалық технологиялар» атты халықаралық конференция өтті. Іс-шараға медициналық генетика, клиникалық практика, зертханалық диагностика, биоинформатика, онкология, репродуктивті медицина және өзге де сабақтас сала мамандары қатысты.**

Жиын еліміздегі медициналық қауымдастығы мен халықаралық сарапшылар арасындағы кәсіби іс-қимылды жаңа деңгейге көтеруді көздеген. Әлемнің 8 елінен отандық және шетелдік жетекші сарапшылар геномдық диагностика, орфандық аурулар, пренаталдық скрининг, персоналдандырылған терапия, сондай-ақ медицинада жасанды интеллекті енгізу мәселелері бойынша заманауи тәсілдерді ұсынды.

Алғашқы күні қатысушылар клиникалық генетиканың қазіргі сын-қатерлері мен даму перспективаларын, дәрігер тәжірибесіндегі клиникалық геномиканы, сондай-ақ периконцепциялық медицинадағы пән аралық тәсілдерді талқылады. Ал екінші күні скринингтік стратегиялар, онкологиядағы генетикалық технологиялар, балалар мен жасөспірімдердің психикалық

денсаулығы мен медицинада жасанды интеллектті қолдану мәселелеріне басымдық берілді.

Қазақстанның «Медициналық генетиктер қауымдастығы» РҚБ президенті Гүлнар Святова конференция барысында сирек кездесетін аурулар кешенді диагностика мен жүйелі емдеуді талап ететінін баса белгілеп өтті. Оның айтуынша, әйелдер репродукция клиникаларына көбіне 45 жастан асқан шағында жүгінеді.

– Осы мәселені бірлесе шешу үшін өте білікті дәрігер-генетиктер, биологтар, биоинформатиктер, жалпы тәжірибелік дәрігерлер, педиатрлар мен акушер-гинекологтар жиналды. Осы арқылы диагностиканы пациенттеріміз үшін қолжетімді ету және оны тек ғылыми зерттеу деңгейінде қалдырмай, нақты клиникалық практикада қолдануды мақсат етіп отырмыз», – деді ол.

Репродуктолог дәрігерлер демографиялық жағдайдағы келеңсіз тенденцияларды ортаға салды. Сарапшылардың айтуынша, бала туу көрсеткіші төмендеген сайын медициналық генетикаға қойылатын талап күшейеді.

**Гүлжанат СЕМБАЕВА.**  
Сурет: Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

## СКРИНИНГ

## Ерте анықталған ауру емге көнеді

**Қала емханаларында скринингтік тексеру жүйелі қолға алынғалы бері онкологиялық аурулар ерте сатысында анықтала бастады. Биылғы төрт айда мамандар обырға шалдыққан 1962 адамды тіркеді.**

Басым бөлігінде кесел I–II сатысында анықталған. Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен баспасөз мәслихатында Алматы онкологиялық орталығы директорының орынбасары Жанна Қожаеваның айтуынша, ауруды ерте анықтау науқастың сәтімен емделіп, сауығып кету мүмкіндігін едәуір арттырады.

«Ауруы анықталғандар санының артуы аурушаңдық өсті деген сөз емес. Бұл Алматыда скринингтік жұмыстың тиімді жүргізіліп жатқанын, ауруды ертерек анықтауға мүмкіндік бар екенін білдіреді», – деді Жанна Қожаева.

Қалада ең көп таралған онкологиялық аурулар қатарында сүт безі обыры тұр. Ол анықталғандардың 17,1%-ын, колоректальды обыр – 10,5%-ын, қалқанша безі дерті – 5,7%-ын, ал өкпенің қатерлі ісігі 5,5%-ын құрайды.

Төрт ай ішінде 50 мыңнан астам әйел жатыр мойны обырынан, сүт безі обырынан 73 мыңнан астам адам, шамамен, 82 мың адам колоректальды обырдың бар-жоғын тексерген.

Скрининг нәтижесінде 175 онкологиялық ауру табылып, олардың басым бөлігін ертерек анықтаған. Қатерлі ісіктерді 0–I сатысында табу көрсеткіші 44,6%-ды құрады. Сонымен қатар, көзге көрінетін III–IV сатыдағы асқынған қатерлі ісік түрлерінің көрсеткіші 5,6%-ға дейін азайған.

Жанна Қожаеваның айтуынша, ауруды ерте анықтау мен заманауи емдеу әдістерінің арқасында Алматыда қатерлі ісіктен болатын өлім-жітім көрсеткіші де төмендеген. Яғни биылғы төрт айда бұл 3,6%-ға азайған.

## БРИФИНГ

## Есірткіге тәуелділер азайды

**Шаһарда есепте тұрған есірткіге тәуелді адамдар азайды. Қазір наркологтардың бақылауында 1148 адам бар. Бұл өткен жылмен салыстырғанда, 2%-ға аз.**

Жыл басынан бері 300-ден астам адам стационарлық ем қабылдап, оның ішінде 19 науқас толық жазылып, есептен шығарылды. Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихатында Психикалық денсаулық орталығы директорының наркологиялық қызмет жөніндегі орынбасары міндетін атқарушы Айгүл Әбдікерева осылай деді.

Оның айтуынша, қаладағы нашақорлық көрсеткіші 100 мың тұрғынға шаққанда 47,9 адамды құрайды. Былтыр бұл көрсеткіш жоғары болып, 100 мың тұрғынға шаққанда 50,8 адамды құраған.

Есепте тұрған кәмелетке толмағандардың саны да 17-ден 12 адамға дейін азайпты. Ал биылғы алғашқы бес айда нашақор 63 адам есепке алынды, оның ішінде кәмелетке толмаған бір жасөспірім бар.

«Есірткіге тәуелділікті емдеу – ұзақ уақытты қажет ететін жұмыс. Ол тек медициналық көмекті ғана емес, психологиялық қолдауды, оңалту мен әлеуметтік бейімдеуді де қамтиды. Есірткіге тәуелділіктің емделетінін, ешкім қоғамнан сырттап қалмайтынын түсіну керек. Мұнда мамандар мен жақындарының қолдауының маңызы зор», – деп атап өтті спикер.

Сондықтан ата-аналардың да балаларына көңіл бөліп, үнемі бақылауда ұстауы, олармен ашық диалог орнатып, жақын дос бола білуі қажет дейді мамандар.

**Бетті әзірлеген Нұржамал ӘЛІШ.**

ЭЛЕУМЕТ

## Іздегенге жұмыс бар

**Медеу ауданы әкімдігі адам аяғы көп жүретін Пушкин аллеясында, яғни ашық аспан астында бос жұмыс орындары мен кәсіптік бағдар беру жәрмеңкесін ұйымдастырды.**



Мақсат – халықтың жұмыспен қамтылуына дәнекер болу, мегаполисте жұмыссыздық деңгейін төмендету және азаматтарға жаңа кәсіби мүмкіндіктер ұсыну. Жәрмеңке сағат 11-де басталады деп көрсетілгенімен, одан ерте келіп алғандар көп болды.

«Бізге отыздан астам адам келді жұмыс сұрап. Есепші, архивариус мамандығын және көгалдандыру қызметі мен аула сыпырушы жұмысын сұрағандар көбірек. Жастардың біразының дипломы жоқ екен, сонда да жұмыс табу көзі, кәсіптік білім алу мүмкіндігі туралы жол көрсеттік. Жасы елуден асқан тұрғындар да еңбек нарығындағы мамандықтарға қызығушылық танытуда», – дейді «Бөбек» Ұлттық ғылыми-практикалық, білім беру және сауықтыру орталығының менеджері Фалия Аханова.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, жәрмеңке жастарға, оқу бітіруші түлектерге және жұмыс іздеп жүрген азаматтарға бағытталған маңызды алаң болды.

«Жәрмеңкенің артықшылығы – бір жерде бірнеше мекеменің ұсынысымен танысып, тікелей сұхбаттасуға мүмкіндік бар. Бұл жұмыс іздеушілер үшін өте қолайлы формат. Біз жылда өткіземіз осындай жәрмеңкелерді. Нәтиже бар. Әсіресе, жастар көп келеді. Бүгінгі іс-шараға 40-қа жуық жұмыс беруші мекеме-компания, сондай-ақ мегаполисте жоғары оқу орындары мен колледждің өкілдері қатысты», – дейді Медеу аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Бауыржан Үшкөмпіров.

Нұржамал ӘЛІШ.

«ЗЕРДЕЛІ ҰЛТ»

## Жастар қандай кітап оқиды?

**Соңғы жылдары қоғамда «жастар кітап оқымайды» деген пікір жиі айтылып жүр. Осындайда смартфон мен әлеуметтік желілер өміріміздің ажырамас бөлігіне айналған заманда кітапқа бөлінетін уақыт ортайып қалғандай көрінеді. Алайда, бұл жастар мүлде оқымайды дегенді білдірмейді. Керісінше, бүгінгі буын кітап оқудың жаңа тәсілдерін меңгеріп, өз қызығушылығы мен қажеттілігіне сай әдебиеттерді таңдай бастады.**

Зерттеулерге сүйенсек, қазіргі жастар арасында ең көп оқылатын жанрлардың қатарында психологиялық кітаптар тұр. Сонымен қатар, мотивациялық әдебиеттер мен детектив жанрындағы шығармалар да жоғары сұранысқа ие. Бұл жастардың кітаптан қызықты оқиғалардан бөлек, өмірде қолдануға болатын пайдалы ақпарат пен тәжірибе іздейтінін көрсетеді.

Бұл туралы жас оқырман Гүлім Бағдатқызы өз пікірін былай білдіреді: «Менің ойымша, жастар кітап оқымайды деген пікір дұрыс емес. Өз қатарластарымыздың арасында кітап оқитындар көп. Әсіресе, психология мен мотивация тақырыбындағы кітаптарға қызығушылық жоғары. Себебі, мұндай шығармалар адамның өзін дамытуына, уақытын тиімді пайдалануға және өмірдегі түрлі қиындықтарды жеңуге көмектеседі. Өзім де бос уақытымда кітап оқуға тырысамын. Әсіресе, адамды ойландыратын көркем әдебиеттерді жақсы көремін. Кейбір шығармалар өмірге деген көзқарасыңды өзгертіп, жаңа ой қалыптастырады», – дейді ол.

Қазіргі таңда Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев кітап оқу мәдениетін дамыту мәселесіне ерекше назар аударып отыр. Мемлекет басшысы еліміздің кітап оқитын ұлтқа айналуы қажет екенін атап өтті. Осы

бағытта жүзеге асырылып жатқан «Кітап оқитын ұлт» бастамасы қоғамда оқу мәдениетін жандандыруға және жастардың кітапқа деген қызығушылығын арттыруға бағытталған маңызды жобалардың бірі саналады.

Соңғы жылдары кітап оқудың форматы да өзгерді. Егер бұрын кітапханаға барып, қағаз кітап оқу қалыпты жағдай саналса, қазір жастар электронды кітаптар мен аудиокітаптарды жиі пайдаланады. Сонымен қатар, әлеуметтік желілерде кітаптарды насихаттайтын арнайы парақшалар көбейіп келеді. Әлемде кең таралған BookTok тренді де жастардың кітапқа деген қызығушылығын арттырып, жаңа шығармалармен танысуына мүмкіндік беруде. Жалпы, бүгінгі жастар кітапты міндет ретінде емес, өзін дамыту мен ой-өрісін кеңейтудің құралы ретінде қабылдай бастады. Бірі психологиялық қолдау іздесе, енді бірі мотивация алады, ал кейбірі көркем әдебиет арқылы рухани демалады. Сондықтан жастар кітап оқымайды деген бұрын, олардың оқу талғамы мен форматы өзгергенін ескерген жөн.

Бүгінгі жастардың ортасында кітап оқу жаңа трендке айналып келеді. Яғни қоғамда кітап оқу мәдениеті жоғалған жоқ, керісінше, заман талабына сай жаңарып келеді деген қорытынды жасауға болады. Олар кітапты өзін дамыту, жаңа білім алу және дүниетанымын кеңейту құралы ретінде қабылдай бастады. Ең бастысы – кітапқа деген қызығушылықтың жоғалмағаны. Өйткені, кітап адамның ой-өрісін кеңейтіп, рухани байлығын арттырады және өмірге жаңа көзқарас қалыптастырады. Сондықтан әрбір жасты кітап оқуға шақырамын. Күніне аз ғана уақыт бөліп, кітап оқуды әдетке айналдырсақ, өзіміздің де, қоғамымыздың да дамуына үлес қосамыз. Кітап – білімге бастар жол, ал білімді ұрпақ – елдің жарқын болашағы екені сөзсіз.

Айдана ҚОЖАҒҰЛ.

ФЕСТИВАЛЬ

**Алматыда өткен II республикалық «Ұлттық дәм фестивалі» қазақтың ұлттық тағамдарын дәріптеуге бағытталған айрықша іс-шара ретінде есте қалды. Ауқымды фестиваль ұлттық гастрономияның мәдени мұраның ажырамас бөлігі қатарлы заманауи қонақжайлылық индустриясын дамытудың маңызды бағыты екенін көрсетті.**

## Дәм мен дәстүр дәріптелді

Фестиваль Алматы қаласының Білім басқармасы, Туризм және қонақжайлылық индустриясы колледжі және ұлттық тағамдарды насихаттап жүрген мейрамханалардың қолдауымен ұйымдастырылды.

Фестивальге Алматы қаласы, Алматы және Жамбыл облыстарындағы техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының өкілдері мен сала мамандары қатысты. Қатысушылар қазақ асханасының дәстүрлі тағамдарын көне рецептер негізінде ұсынып қана қоймай, ұлттық дәмдерді заманауи форматта жаңғыртқан авторлық туындыларын да таныстырды. Көрмеде түрлі ет тағамдары, бауырсақтар, ұлттық тәттілер мен қазақ мәдениетін бейнелейтін ерекше аспаздық композициялар көпшіліктің қызығушылығын тудырды.

Байқау барысында тағамдардың дәмдік сапасымен қатар, олардың ұсынылу мәдениеті, ұлттық дәстүрдің сақталуы, кәсіби шеберлік пен шығармашылық шешімдер де бағаланды. Ұйымдастырушылардың айтуынша, мұндай жобалар ұлттық тағам мәдениетін насихаттап қана қоймай, болашақ мамандардың тәжірибе алмасуына, білім беру ұйымдары мен бизнес өкілдерінің байланысына нығайтуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, фестиваль жастардың ұлттық құндылықтарға қызығушылығын арттырып, қазақ халқының тарихы мен мәдениетін гастрономия арқылы танытуға жол ашады.

Рая ЕСКЕНДІР.

«Алматы қаласының Азаматтық Альянсы» ЗТБ ұжымы Алматы қаласы әкімінің орынбасары Абзал Нүкенұлына аяулы анасы

**Тыныштық НҮРПЕЙІСОВАНЫҢ**

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«Almaty Aqparat» медиахолдингінің ұжымы Алматы қаласы әкімінің орынбасары Абзал Нүкенұлына аяулы анасы

**Тыныштық НҮРПЕЙІСОВАНЫҢ**

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.



Бас директор –  
**Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ**  
тел.: 248-64-04.

Қабылдау бөлмесі:  
тел.: 248-60-08.

Бас директордың орынбасары –  
**Абдухалил ЖАЛИЛОВ**

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –  
**Гүлжазира САЙДАХМЕДОВА**

Бас редактор – **Есхат БОЖАН**

Жауапты хатшы –  
**Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ**

Ақпараттық-талдау бөлімінің редакторы –  
**Рая ЕСКЕНДІР**

Саясат және экономика бөлімінің редакторы –  
**Нұржамал ӘЛІШ**

Цифрлық инфрақұрылым және кері байланыс бөлімінің редакторы –  
**Гүлжанат СЕМБАЕВА**

Коммерциялық директор –  
**Куаныш ДЮСКАЛИЕВ**  
тел.: 248-49-55. E-mail:  
[rekalmatyagqparat@gmail.com](mailto:rekalmatyagqparat@gmail.com)

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:  
[rekalmatyagqparat@gmail.com](mailto:rekalmatyagqparat@gmail.com)  
тел.: тел.: 248-49-55. E-mail:  
8 707 948 73 78

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –  
**Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ**

Кеңес мүшелері:  
**Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,**  
**Сейітқазы МАТАЕВ,**  
**Валерий ЖАНДӘУЛЕТОВ**

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:  
8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70  
телефоны арқылы сағат 9.00-ден  
18.00-ге дейін хабарласыңыз

ALMATY AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:  
**«Almaty Aqparat» ЖШС.**  
E-mail:  
[almatyagqparat@gmail.com](mailto:almatyagqparat@gmail.com)  
Мекенжайымыз:  
Индекс: 050022.  
Шевченко көшесі, 100.

Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады.  
Нөмірдің таралымы –  
**10 360 дана (жұма)**

Кезекші редактор –  
**Рая ЕСКЕНДІР**

Газет «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген.  
Тіркеу туралы  
№ KZ51VPY00150334  
күәлігі 26.05.2026 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты.  
Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді.  
Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді.  
Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В.  
Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00  
Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.

## ЖҰМАНЫҢ ЖҮГІ



Карикатурына салған Галия СМАГУЛҰЛЫ.

## СОТ ЖАЗАСЫН БЕРДІ

**Қос ішегінен төгілген үнімен шанағына ұлттық рухымызды, жадымыз бен болмысымызды сыйдырған домбыра – халқымыз үшін қастерлі құндылық. Соңғы жылдары жат сенім жетегіндегі жандар сол құндылығымызға ауық-ауық соққы беріп, сызат түсіргісі келіп-ақ жүр. Бірақ қазақ қоғамы бұл жолы тиісті жауабын берді.**

Осы аптада домбыраны «харам» деп, қоғамда дау тудырған азаматтың сот алдында жауап беруі көпшіліктің назарын аударды. Бұл оқиға қоғамда сөз бостандығы, діни көзқарас және ұлттық құндылықтарға құрмет мәселелерін қайта көтеріп, әлгі «айды аспанға шығарған» «ұс-таз» сотталды. Ол Қылмыстық кодекстің 174-бабы 1-бөлігі («Әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік немесе діни алауыздықты қоздыру») бойынша кінәлі деп танылып, 3 жыл б айға бас бостандығынан айырылды. Айдың күннің аманында домбыраға тіл тигізіп, елдің ашуын тудырған азамат өз кінәсін мойындады. Ақтөбе қалалық соты 35 жастағы Азат Қонысқа қатысты үкім шығарды.

Сот материалдарына сәйкес, айыпталушы әлеуметтік желідегі тікелей эфир барысында қазақ халқының ұлттық құндылығы саналатын домбыраға қатысты оны «харам» деп атап, қорлайтын пікір білдірген. Сондай-ақ, ол Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасы өкілдеріне тіл тигізген. Сараптама қорытындысы оның сөздерінде ұлттық және діни алауыздықты қоздыру белгілері бар екенін анықтаған.

Сот отырысында Азат Қоныс кінәсін толық мойындап, жасаған әрекетіне өкінетінін айтып, қазақ халқынан кешірім сұрады. Алайда, сот оның әрекетін қоғамға қауіпті құқықбұзушылық деп бағалап, мемлекеттік айып-

таушы сұраған жаза мерзімін бекітті.

Естеріңізде болса, қоғамның назарын аударған бұл оқиға әлеуметтік желілерде тараған видеодан кейін белгілі болған. Кейін құқық қорғау органдары күдіктіні анықтап, оны қамауға алған еді. Заң қызметкерлері де Қазақстан заңнамасына сәйкес, алауыздықты қоздыруға бағытталған кез келген әрекет қылмыстық жауапкершілікке әкелетінін қадап айтты.

Домбыра – қазақ халқының ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан рухани мұрасы. Ол тек музыкалық аспап қана емес, халықтың тарихын, мәдениетін, дүниетанымын жеткізген құндылық. Күй өнері арқылы қазақ халқы қуанышы мен қайғысын, ерлігі мен елдігін кейінгі буынға аманат етіп қалдырды емес пе?

Сондықтан әр азаматтың діни сенімі мен көзқарасына құрмет көрсетумен қатар, елдің тарихи-мәдени мұрасына да құрметпен қарау маңызды. Сонымен, бұл оқиға қоғам үшін маңызды сабақ болды. Қазақтың рухани болмысымен біте қайнасқан домбыраны дәріптеу мен қорғау – ұлттық мәдениетті сақтаудың маңызды бөлігі.

Қоғамдық келісім мен өзара түсіністік үстемдік құрған жерде ғана ұлттық құндылықтарымыз нығайып, болашақ ұрпаққа аман жететінін ұмытпайық!

Рая ЕСКЕНДІР.

## ТЕРЕҢҚҰР ТҮРЛЕНІП ТҰР

**Алматы тұрғындарының ең Асүйікті демалыс орындарының біріне айналған Тереңқұр демалыс аймағы қалқымалы гүл композицияларымен толықты. «Есо Алматы» ЖШС өкілдерінің айтуынша, кәсіпорын мамандары сәндік қалқымалы гүлзарларды көл бетіне орнату жұмыстарын бастап та кеткен. Қазірдің өзінде түрлі-түсті гүлдерден жасалған композициялар көлдің көркін айшықтап, танымал серуен орындарының бірі саналатын аумаққа ерекше сән беріп тұр.**

Қалқымалы гүлзарлар аумақты ландшафтық безендірудің жаңа құрылымына айналып, Алматы тұрғындары мен қонақтарының демалысын одан әрі жайлы етіп, келбетін жаңаша аша түсетіні анық. Қоғамнан қолдау тауып отырған мұндай бастама кеңістіктердің эстетикалық тартымдылығын арттырып қана қоймай, қалалық ортаны дамытуға және тұрғындардың демалысына жайлы жағдай жасауға бағыттталып отыр.

Рая ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ.



## «КҮНШУАҚ»

жазғы ойын-сауық алаңы ашылды

**Медеу ауданында орналасқан №5 Оқушылар үйінде «Күншуақ» жазғы ойын-сауық алаңы ашылды. Іс-шараға аудандық білім беру ұйымдарының өкілдері, ата-аналар мен балалар қатысты.**



Медеу аудандық білім бөлімінің әдіскері Назым Сәрсебаева жаз мезгілінде балалардың бос уақытын мазмұнды әрі тиімді ұйымдастырудың маңыздылығына тоқталып, «Күншуақ» жазғы алаңы олардың шығармашылық қабілеттерін шыңдап, тұлғалық дамуына серпін беретін ерекше орта болатынын атап өтті. Ал №5 Оқушылар үйінің директоры Сайрағұл Шағатаеваның мәліметінше, биыл жазғы лагерьге 1000-ға жуық бала қатысады. Балалармен 20 кәсіби педагог жұмыс жүргізеді.

Көп баланың ішінен «Шахмат патшалығы» үйірмесіне қатысатын, 6-сыныпты тәмамдаған Еркін Мұхамедаминді сөзге тарттық:

– Шахматқа кішкентай кезімнен қызығамын. Үйірмеге қатысып жүргеніме бір жыл болды. Қалалық жарыстарға қатысып, жүлделі орындар алып жүрмін. Үйде де жаттығамын. Мұнда келіп білімім мен тәжірибемді жетілдіремін. Шахматта әр қадамыңды ойлап жасасаң, жеңіске жетуге мүмкіндік мол, – дейді ол қуанып.

Жазғы лагерьдің ашылу салтанатында мерекелік көңіл күй бірден сезілді. Әсем безендірілген алаңда шахмат ойнап отырған балалар, домбыра тартып, би билеп жүрген өнерпаздар, сурет салып жатқан жас суретшілер мен қолдарына ине-жіп ұстап, қолөнермен айналысқан бүлдіршіндер өте көп болды. Балаларының жүздеріндегі қуанышты көруге келген ата-аналар да жетерлік. Қызықты ойындар ұйымдастырып, балаларға ерекше көңіл күй сыйлаған аниматорлар да мерекенің шырайын аша түсті.

Іс-шара барысында Медеу ауданы Білім бөлімінің басшысы Ақнұр Оразханқызы лагерь жұмысына белсене қатысып, жақсы нәтиже көрсеткен мамандарға Алғыс хаттар табыстады.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, «Күншуақ» жазғы ойын-сауық алаңының бағдарламасына спорттық жарыстар, танымдық іс-шаралар, шығармашылық шеберханалар мен қызықты экскурсиялар қарастырылған.

Дана САДЫРҚАН.  
Сурет: Самат ҚҰСАЙЫНОВ.